



МЕКТЕПТЕР МӘСЕЛЕСІ

4-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



БИ ӨНЕРІНІҢ ПАДИШАСЫ

9-БЕТ | ЕЛОРДАДА – ЕСІМІ



АЛАЯҚТАР АЛШАҢДАП БАРАДЫ

10-БЕТ | ҚҰҚЫҚ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Қазақстан егістік көлемі бойынша жан басына шаққанда әлемде екінші, жайылымдық жерлер жөнінен бесінші орын алады. Еліміз бидай өсіретін және ұн өндіретін 10 ірі мемлекеттің қатарына кіреді. Біз Корольдікке жоғары сапалы бидай, ұн және майлы дақылдарды тұрақты әрі ұзақ мерзімді жеткізуші елдердің бірі болуға дайынбыз.

№87
(4365)

Сейсенбі
26 шілде
2022 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ЖЕКЕ КУӘЛІК QR АРҚЫЛЫ КӨРСЕТІЛЕДІ

Қазақстан азаматтары енді барлық жерде жеке куәліктің электрондық нұсқасын қолдана алады. Бұл туралы ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі цифрлық трансформациялау департаментінің директоры Назгүл Бажаева мәлім етті.

«Мемлекет басшысының «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инновацияларды ынталандыру, цифрландыруды дамыту, ақпараттық қауіпсіздік және білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына қол қойғаннан кейін цифрлық құжаттарды қолдану іске қосылды.

Олардың қатарында азаматтардың жеке куәлігі де бар. Яғни сіз eGov mobile мобильдік қосымшасы арқылы жеке куәлігіңіздің электрондық нұсқасын жүктеп аласыз. Одан әрі QR-код арқылы жеке басыңызды растай аласыз. Бұған дейін жеке куәліктің электрондық нұсқасы тек мемлекеттік қызмет алған кезде халыққа қызмет көрсету орталықтарында ғана қолданылған еді. Жаңа заңға сәйкес енді барлық жерде жеке куәлікті QR-код арқылы көрсете болады» деді министрлік өкілі.

ҰБТ-ға ТІРКЕЛУ БАСТАЛДЫ

Кешеден бастап тамыз айында өтетін ҰБТ-ға тіркелу жүргізіледі. Тамыз айында ақылы ҰБТ-ға тіркелу 25-30 шілде аралығында өтеді деп хабарлады Ұлттық тестілеу орталығы.

ҰБТ-ға тіркелу testcenter.kz сайты арқылы жүзеге асады. Ал тестілеудің өзі 10-13 тамыз аралығында өтеді.

Тестілеуге қатысу құны 4230 теңгені құрайды.

ҰБТ-ға тіркелу кезінде түлектер өз қалауы бойынша тестілеу өткізілетін орынды, күнді және уақытты таңдай алады.

Сонымен қатар ҰБТ-ға қатысқандар тамыз айындағы ҰБТ-да бейіндік пәндер комбинациясын ауыстыра алады.




ЖЕКСЕНЫЛІК ЖӘРМЕҢКЕ

Елордада Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің бастамасымен демалыс күндері ауыл шаруашылығы жәрмеңкесін өткізу дәстүрге айналды. Биыл тұрғындардың өтініші бойынша «Хан Шатыр» сауда, ойын-сауық орталығы жанындағы алаңнан «Барыс Арена» мұз сарайына қарама-қарсы аумаққа ауысты. Жәрмеңкеде, негізінен, жергілікті кәсіпкерлер мен өңірлік тауар өндірушілердің өнімдері ұсынылып, қалаға жақын орналасқан елді мекендерден жеткізілетін ет, сүт, балық, бал секілді азық-түліктің басқа да түрі және көкөніс өнімдері нарықтан едәуір төмен бағамен сатылуда.

3

ЕКПЕМЕН АЛДЫН АЛЫҢЫЗ!

Кеше астанада 1882 зертханалық тексеру жүргізіліп, соның нәтижесінде коронавирус жұқтырған 806 адам тіркелді. Жалпы пандемия басталғалы дертке шалдыққандар саны 248134 адамға жетсе, олардың 240160-ы емделіп шықты.



Қалада қазір індетпен күреске 7 инфекциялық стационар жұмылдырылған, ондағы төсек-орындар саны 634 кереует болса, соның ішінде 373 төсек-орында науқас емделуде. Осылайша дертке шалдыққандар жалпы төсек-орынның 58,8 пайызын құрады. Жедел жәрдем қызметіне коронавирус инфекциясына байланысты тәулігіне 26 рет

шақырту түседі. Екпенің бірінші компонентін 533784, екінші компонентін 514997 адам алды. Ревакцинация алғандар саны 153646 адамға жетті. Бастапқы медициналық санитарлық көмек көрсету мекемелерінде қазір 2295 адам дерттен амбулаторлық ем қабылдап жатыр. Олардың ішінде 355 адам – балалар, 118-і – жүкті әйелдер. Мамандар аурудың алдын алу үшін азаматтарды екпе алуға шақырады.



ELORDA.INFO САУАЛНАМАСЫ

ЕЛОРДАДАҒЫ ЖЕМІС-ЖИДЕКТЕР МЕН КӨКЕНІСТЕРДІҢ ҚАЗІРГІ БАҒАСЫ ҚАНШАЛЫҚТЫ ҚОЛЖЕТІМДІ?

- Қолжетімді емес, баға үнемі өсуде
- Қымбат болса да, сатып алуға тура келеді
- Бағасын қалтамыз көтереді
- Өз жауап нұсқаңыз (комментарий)

elordainfo

Elorda.info ақпараттық порталы апта сайын өзекті тақырыпқа әлеуметтік сауалнама жүргізеді, оған QR-код арқылы дауыс беріңіз. Сауалнама нәтижелері сенбілік нөмірде жарияланады.

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 487.2 \$ USD/KZT 475.92 ₸ RUB/KZT 8.2 ¥ CNY/KZT 70.57

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯ БЕРЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Сауд Арабиясының Королі Салман бен Әбделазиз Әл Саудтың шақыруымен Джидда қаласына ресми сапармен барды. БОРТ №1 телеграм-арнасы хабарлағандай, екіжақты келіс-сөздерден кейін Президент іскерлік топ өкілдерімен әңгімелесіп, екіжақты бірнеше кездесу өткізді.

құқықтық базасы бар. Қазақстанның аэроғарыш саласын дамыту үшін тәжірибесі де, әлеуеті де жеткілікті. Біздің компанияларымыз осы салалар бойынша Сауд Арабиясының мемлекеттік және жеке компанияларымен өзара ынтымақтастық

Қазақстанға инвестиция құюға мүдделі екенін айтты. Қазіргі уақытта холдинг Алматы облысының ауыл шаруашылығы саласындағы өндіріс жобасын пысықтауда. Мұхаммед Әбунаянмен кездесуде баламалы

МАҢЫЗДЫ ҚҰЖАТТАРҒА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ресми сапары аясында Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі мен Сауд Арабиясының Спорт министрлігі арасындағы спорт саласы бойынша өзара түсіністік туралы меморандумға; Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі мен Сауд Арабиясы Бұқаралық ақпарат құралдары министрлігі арасындағы БАҚ саласындағы ынтымақтастық жөнінде өзара түсіністік туралы меморандумға; «Сауд баспа ісі агенттігі» мен «Қазақстан Республикасы Президентінің Телерадиокешені» КеАҚ арасындағы өзара түсіністік және ақпарат алмасу туралы меморандумға; Astana International Exchange Ltd. компаниясы мен Сауд қор биржасы (Tadawul) арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумға; Ірі қара мен қой еті импортына қойылатын санитарлық-техникалық хаттамаға; Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі мен ACWA Power компаниясы арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумға; «Самұрық-Қазына» АҚ мен Ajan&Bros Holding Group Ability компаниясы арасындағы ынтымақтастық туралы келісімге; «KAZBIOORG» ЖШС мен Ajan&Bros Holding Group компаниясы арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумға; «QazTrade» сауда компаниясы арасындағы ынтымақтастық туралы орталығы» АҚ мен Ajan&Bros Holding Group Ability компаниясы арасындағы ынтымақтастық туралы келісімге; «Оптоград» ЖШС мен Ajan&Bros Holding Group Ability компаниясы арасындағы ынтымақтастық туралы келісімге; «KAZAKH INVEST ұлттық компаниясы» АҚ мен Al Rajhi International for Investment (RAII) компаниясы арасындағы инвестициялар бойынша ынтымақтастық туралы меморандумға; «QazTrade» сауда компаниясы арасындағы инвестициялар бойынша ынтымақтастық туралы меморандумға; «EurAsia Invest LTD» ЖШС мен Jamjoom Pharma компаниясы арасындағы Қазақстаннан Сауд Арабиясына құрғақ қымыз жеткізу туралы келісімге қол қойылды.

Төлен ТІЛЕУБАЙ

Корольдің «Қаср Ас-Салам» сарайында Қазақстан Президентін салтанатты түрде қарсы алу рәсімі өтті. Құрмет қарауының бастығы екі ел басшыларына рапорт берді. Қазақстан мен Сауд Арабиясының аңғарлары шырқағаннан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев пен Тақ мұрагері Мұхаммед бен Салман бен Әбделазизге ресми делегациялардың мүшелері таныстырылды. Содан кейін Президент пен Тақ мұрагері келіссөз жүргізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Мұхаммед бен Салман бен Әбделазиз Әл Саудқа итипат білдіріп, шақырғаны және қонақжайлық көрсеткені үшін Сауд Арабиясының Королі мен Тақ мұрагеріне алғыс айтты. Қазақстан Президентінің айтуынша, Мемлекет басшысы ретінде Сауд Арабиясына алғаш рет келгендіктен, бұл сапардың маңызы зор. Қасым-Жомарт Тоқаев Сауд Арабиясы Қазақстанның басты стратегиялық серіктестерінің бірі екенін атап өтті.

«Сауд Арабиясы – Қазақстанның тәуелсіздігін бірінші болып мойындаған елдердің бірі. Осы кезеңде түрлі бағыттағы ынтымақтастығымыз нығая түсті. Қазір қазақ-сауд қатынастары жоғары деңгейде. Дегенмен екі ел арасындағы ынтымақтастықтың серпін беретін кез келді. Бұл – елдеріміздің мүддесіне сай келегін ортақ шешім. Біздің өзара тиімді байланыстарымыз нығая береді деп сенемін» деді Мемлекет басшысы.

Келіссөз барысында сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастық мәселелері талқыланды. Қазақстан Сауд инвесторлары үшін өзара мүддені көздейтін түрлі келешегі зор салалар бойынша ерекше шарттар мен кең көлемде артықшылықтар ұсынуға дайын. Тараптар өзара тауар айналымын едәуір арттыруға ниетті екенін және жуық арада екі ел үкіметтерінің бұл бағыттағы жұмыстарды жандандыратынын нақтылады.

Мұхаммед бен Салман бен Әбделазиз Әл Сауд елдеріміз арасындағы қатынастар деңгейі жақсы екенін атап өтіп, оны әрі қарай нығайтып, дамыту үшін мүмкіндіктер мол екенін айтты. Сондай-ақ бұл бағыттағы жұмыстарды жандандыру қажет екеніне тоқталды. Оның айтуынша, бұл ретте Қазақстан мен Сауд Арабиясының бизнесмендерін біріктіретін Іскерлік кеңестің рөлі зор болмақ. Тақ мұрагері Мемлекет басшысының ресми сапары аясында өтетін инвестициялық дөңгелек үстелге Корольдіктің ірі компанияларының өкілдері қатысатынын жеткізді. Оның айтуынша, қазіргі жағдайда Сауд Арабиясының Мемлекеттік инвестициялық қоры үйлестіретін



бірқатар жоба бойынша бірлескен жұмыс маңызды саналады. Мұхаммед бен Салман бен Әбделазиз Әл Сауд Корольдіктің компаниялары Қазақстанның аграрлық саласына инвестиция салуға қызығушылық танытып отырғанына қабылдайтынын айтып, бұл бағыт жаһандық азық-түлік дағдарысы жағдайында аса өзекті бола түседі.

Қасым-Жомарт Тоқаев Тақ мұрагерін Қазақстанға мемлекеттік сапармен келуге шақырды. Мұхаммед бен Салман бұл шақыруды қуана қабылдайтынын айтып, қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асырудың нақты нәтижелерін талқылау үшін Қазақстанға сапармен келуге дайын екенін жеткізді.

ЖАҢА ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕР

Мемлекет басшысының Сауд Арабиясына ресми сапарының екінші күні елдің іскер топтар өкілдерімен өткен инвестициялық дөңгелек үстелге қатысудан басталды. Екі елдің инвестиция, экономика, сауда және қаржы салаларындағы ықпалдастығын нығайту кездесудің негізгі тақырыбы болды.

Президент жиынға қатысушыларға итипат білдіре отырып, мемлекеттеріміздің келешек экономикалық дамуға деген көзқарастары ұқсас екенін атап өтті.

«Saudi Vision-2030» бағдарламасы мен біздің «Қазақстан-2050» стратегиясы экономиканы артарапандыру, шикізатқа тәуелділікті төмендету, адами капиталға инвестиция салу, түтпей келгенде, жоғары дамыған елдердің қатарына кіру арқылы ұлттық дамуға қол жеткізуді көздейді» деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысы ынтымақтастықты кеңейтудің мейлінше келешегі зор салаларын белгілеп берді.

«Біз жүргізген талдауға сәйкес, Қазақстан машина жасау, шойын және болат өндірісі, сондай-ақ тамақ өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы сияқты салалар бойынша құны шамамен жылына 400 миллион доллар болатын шикізат тауарларының 100-ден астам түрін ұсына алады» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қытай, Қазақстан, Әзербайжан, Грузия және Түркия арасын жалғастыратын көлік-транзит және логистикалық мүмкіндіктерді, соның ішінде Транскаспий бағдарын әртараптандыруды және кеңейтуді екінші маңызды бағыт ретінде атап өтті.

Оның пікірінше, ынтымақтастықтың мол әлеуетін экономиканың нақты секторында да пайдалануға болады.

«Қазақстан әлемде вольфрам қоры бойынша 1-орын, уран мен хром бойынша 2-орын алады, ал марганец, күміс, мырыш, қорғасын байлығы бойынша алғашқы бестікке кіреді. Бұл қорларды барлап, зерттеу керек. Қарқынды дамып келе жатқан Қытай мен Оңтүстік Азия нарығына жақындығымызды ескере отырып, инвестиция салуға, шын мәнінде, бұл жақсы мүмкіндік. Бүгін біз барлау және әзірлеме жұмыстары үшін бағалы және түсті металдың 60-тан астам қорын ұсына аламыз» деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан мен Сауд Арабиясының мұнай химиясы, атом энергетикасы, жасыл сутегі өндірісі салаларын дамыту, ғарышты зерттеу жөнінде және басқа да бағыттар бойынша жоспары бар.

«Біз Корольдіктің Saudi Vision-2030 стратегиясы аясында өзінің ғарыштық бағдарламасын дамытуға деген ниетін қолдаймыз. Елдеріміздің ғарыш кеңістігін зерттеу және бейбіт мақсатта пайдалану саласындағы ынтымақтастығы үшін тиісті

орнатуға дайын» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент отандық агросектордың әлеуетіне де тоқталды.

«Қазақстан егістік көлемі бойынша жан басына шаққанда әлемде екінші, жайылымдық жерлер жөнінен бесінші орын (180 миллион гектар) алады. Еліміз бидай өсіретін және үн өндіретін 10 ірі мемлекеттің қатарына кіреді. Біз Корольдікке жоғары сапалы бидай, үн және майлы дақылдарды тұрақты әрі ұзақ мерзімді жеткізуші елдердің бірі болуға дайынбыз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанда инвесторлар үшін заманауи институционалдық орта қалыптасқанын еске салды.

«Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Қазақстанның Сауд Арабиясымен арадағы екіжақты ынтымақтастықты нығайтуға және кеңейтуге бейілді екенін растағым келеді. Бүгін осында бүкіл әлемде айтарлықтай табыстарға қол жеткізген Сауд Арабиясының ірі компанияларының басшылары қатысып отыр. Мен бәріңізді өзара тиімді негізде Қазақстанда бірлесіп жұмыс істеуге шақырамын» деді Қазақстан Президенті.

АРАБ БАНКИРЛЕРІМЕН ЖӘНЕ КӘСПКЕРЛЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Президент Қ.Тоқаев Джиддадағы сапары кезінде ірі компания басшыларымен, банкирлермен, кәсіпкерлермен кездесті. Атап айтқанда, Сауд Арабиясының Мемлекеттік инвестициялық қорын (PIF) басқарушы Ясир Әл-Румайнмен, Ajan&Bros Holding Group холдингі топ басқармасының басшысы Аджан бен Әбделазиз Әл-Аджланмен және Acwa Power компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы Мұхаммед Әбунаянмен әңгімелесті. Сауд Арабиясы Корольдігінің және Таяу Шығыстағы ірі конгломераттың ірі – Ajan&Bros Holding Group

энергия көздерін дамыту мәселелері талқыланды. Президенттің айтуынша, еліміз 2030 жылға қарай жаңғыртылатын энергия көздерінің 30 пайызын өндіруді жоспарлап отыр. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев Acwa Power компаниясын Қазақстанда жасыл сутегі өндірісі саласындағы бірлескен жобаларды жүзеге асыруға шақырды.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы Ислам даму банкінің президенті Мұхаммед Сулейман Әл-Джассерді қабылдады. Әңгіме барысында экономиканың түрлі салаларындағы бірқатар бірлескен жобалардың жүзеге асырылу барысы талқыланды. Әл-Джассер Мемлекет басшысына банктің инвестициялар саласындағы саясат және алдағы кезеңдегі жоспарлары жөнінде айтты. Оның айтуынша, Ислам даму банкі бизнес, қаржы салаларындағы жобаларға, сондай-ақ инфрақұрылым мен коммуникацияларды жаңғыртуға қаражат бөледі жалғастыруға ниетті.

Мемлекет басшысы Ислам ынтымақтастығы Ұйымының Бас хатшысы Хиссейн Брахим Тахаммен кездесті. Кездесу барысында тараптар аймақтық және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер туралы, сондай-ақ Қазақстан мен Ислам ынтымақтастығы Ұйымы арасындағы ықпалдастықты одан әрі тереңдетудің перспективалары жөнінде пікір алмасты. Қ.Тоқаев Ислам ынтымақтастығы Ұйымымен арадағы іс-қимылдар туралы айта келе, Қазақстанның Ұйым аясында мұсылман елдерімен ынтымақтастықты одан әрі кеңейтуге бейілді екенін айтып, Хиссейн Брахим Тахамни биыл күзде елордамызда өтетін Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII съезіне қатысуға шақырды.

Әзірлеу және әзірлеме жұмыстары үшін бағалы және түсті металдың 60-тан астам қорын ұсына аламыз» деді Мемлекет басшысы.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Оңтүстік Кореяның Хвансон қаласында үшінші нанометрлі чиптің тұсаукесері өтті.

Смартфондарға арналған чип батарея қуатының тұтынуын 45 пайызға қысқартып, қуат өнімділігін 23 пайызға көтереді. Чиптің ауданы анағұрлым кеміген. Оның жаңа үлгісі алдымен энергияны аз тұтынатын өнімдерге, кейін мобилді процессорларға салынады. Чипті өндірген Samsung компаниясы қазір нарықта екінші орында тұр.



Әлемде көмір өндірісі 2027 жылға дейін өседі. Себебі газ бен «жасыл» энергия қымбат.

Көгілдір отын мен мұнайды сатып алып жатқан Қытай мен Үндістан өз кеніштерін өндірісті арттыруға шақырады. Мұның бәрі жанармаймен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етіп, қымбат импорттық көмір мен газға тәуелділікті азайту үшін жасалып отыр. Қытайда биыл 2 миллион тоннадан астам көмір өндірілді. Үндістанда қаңтар-мамыр аралығында 393 миллион тонна өнім шығарылды.



Австралиядағы бастауыш сынып оқушылары қоқыс сұрыптауды үйретіп қана қоймай, оны басқаларға да үйретіп жатыр.

Олар күнде үлкен үзіліс кезінде мектеп маңайына шығып, қалдық тереді. Тазалық үшін бәрі арнайы киім киіп, контейнер ұстап алған. Балалар әсіресе тамақ қалдығын қалт жібермейді. Өйткені бұл қоқыс қоршаған ортаға басқасына қарағанда көбірек зиян келтіреді. Олардың құрамында метан сияқты өте залалды газ болады.

ЖЕКСЕНЫЛІК ЖӘРМЕҢКЕ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

«Апта сайын біз осы жәрмеңкеден өзімізге қажетті азық-түлікті қолжетімді бағамен сатып аламыз. Базарда бәрі қымбат. Әрі алысқа сабылмай, үйдің қасынан керегімізді таңдап жүріп сатып аламыз. Бұл біз сияқты егде тартқан адамдар үшін өте қолайлы. Сондықтан осындай жәрмеңкелер үнемі өткізіліп тұрса дейміз. Бізге осындай қолайлы жағдай тудырып отырғаны үшін шараны ұйымдастырушыларға алғыс айтамыз» деді зейнеткер Айман Сейітқазықызы.

Ауыл шаруашылығы жәрмеңкесін өткізу әлеуметтік маңызы бар өнімдерді төмендетілген бағамен сатуға мүмкіндік береді. Қала басшылығы өз кезегінде жәрмеңкеде әдеттегі сауда орындарына қарағанда бағаны жоғары көтермеуді үнемі бақылауында ұстап келеді. Мамандардың мәлімдеуінше, ол тиісті мекеме арқылы тексеріліп отырады.

«Өз басым жәрмеңкеге үнемі келіп тұрамын. Ашық аспан астында, өнімдердің үлкен асортименті және көкөністің барлық түрі бар. Мұнда сүт, ірімшік өнімдері арзан бағамен сатылады. Соларды арзандау баға-



мен сатып алып жүрмін. Бұл – маған әжептәуір көмек» деді қала тұрғыны Марина Суцевская.

Бас қалада демалыс күндері ауылшаруашылық жәрмеңкесін өткізу дәстүрге айналды. Тұрғындар апта сайынғы іс-шараларда қажетті азық-түлік өнімін нарықтағы бағадан төмен бағамен сатып алу мүмкіндігіне ие. Апта сайын сенбі және жексенбі күндері енді олар базарға сабылмай-ақ, «Астана Арена» стадионының тұрақ аймағына келіп,

қажетті азық-түлік түрін сатып алу.

Алдағы тамыз айынан бастап елордада аймақтық жәрмеңкелер ұйымдастырылады деп жоспарлануда. Бұл ретте қала тұрғындары тарапынан сұраныс бар. Сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар тауарлардың бағасын ұстап тұру үшін сауда желілерін жеңілдікпен несиелеу бойынша жұмыс жүріп жатыр. Бұл күнделікті тұрмысқа аса қажетті азық-түлік өнімдерінің бағасын сақтап тұруға мүмкіндік береді.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ДӘСТҮРІ

Еліміздің бес бірдей қаласында өз орталықтарын ашқан ерекше балаларға арналған «Жас жауынгер» спорт клубы Нұр-Сұлтан қаласында ізгілік шарасын өткізді.



Осы орталықта үш жыл бойына кәсіби бапкерлердің тәлімін алып жүрген елордалық Амель Ескенеевтің қазақтың тамаша дәстүрімен тұсауы кесіліп, көпшілік алдында алғашқы қадамын жасады.

«Жас жауынгер» спорт клубы 2018 жылы алғаш рет елордада ашылған. Содан бері орталық негізін қалаушы Садық Байымбетов тек астанада емес, өзге аймақта да спорт клубының игілікті жұмысын жалғастырып келеді.

– Орталық ашылғалы елордада 80-ге жуық бала бапкерлер көмегімен мүмкіндігінше спортпен шұғылданды. Осымен елу бірінші бала алғашқы қадамын басты. Биыл спорт орталығы 5 қалада ашыла, келесі жылы еліміздің 10 аймағында орталық ашу жоспарда бар. Спорттық жаттығулар тегін жүргізіледі. Бапкерлер баланың басын ұстауға, еркін қозғалуына, отырып-тұруына өздігімен әрекеттенуіне көмектеседі, – дейді клуб жетекшісі Садық Байымбетов.

Айта кетейік, «Жас жауынгер» бейімдеу орталығы 2020 жылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Жомарт жүрек» сыйлығының «Жылдың үздік ұйымы» номинациясын жеңіп алды. Ал спорт клубының жетекшісі Садық Байымбетов «Жыл тұлғасы» атанды.

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР ҚАДАҒАЛАУСЫЗ ҚАЛМАСЫН

Кеше Нұр-Сұлтан қаласында биылғы Балалар жылы аясында «Балалық шақ құқығы – балалар мен жасөспірімдерге қарсы зорлық-зомбылық пен қатыгездіктің алдын алу» тақырыбында маңызды іс-шара өтті.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Бұл шараны Нұр-Сұлтан қаласы Ішкі саясат басқармасының қолдауымен «Бақытты шаңырақ» мүмкіндігі шектеулі балалары бар немесе тәрбиелеп отырған отбасыларға қолдау және көмек көрсету тұрақты даму қайырымдылық қоры» ұйымдастырды. Іс-шараның мақсаты – кәмелетке толмағандар арасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылықтың алдын алу.

Іс-шараға азаматтық сектор мен бас-

тамашыл топтардың өкілдері, үкіметтік емес ұйымдар басшылары, мемлекеттік мекемелердің басшылары қатысты. Жиынды «Бақытты шаңырақ» ҚҚ басшысы Ботагөз Сұлтанова құттықтау сөзімен ашса, «ҚР Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және балалардың қадағалаусыз, панасыз қалуының алдын алу туралы» заңы бойынша ҚР Парламенті Мәжілісі әлеуметтік-мәдени даму комитетінің басшысы, Аманат партиясы жанындағы отбасы істері жөніндегі республикалық қоғамдық кеңес төрағасы Динара Закиева осы мәселедегі проблемалық жайттарға

тоқталды. Бала құқықтары туралы конвенция, жасөспірімдер арасында суицидтің алдын алу жөнінде Нұр-Сұлтан қаласы Полиция департаментінің жергілікті полиция қызметі басқармасы ювеналды полиция бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Нәзля Дошанованың баяндамасы балалар тәрбиесіндегі өзекті мәселелерді қозғады.

Сондай-ақ дағдарыс орталықтарының қызметі Зарина Абиқаеваның, «Келешек» психологиялық орталығы қызметкерлерінің кәмелетке толмағандар арасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша айтқан ұсыныстары ой саларлық. Іс-шара барысында сұрақ-жауапқа уақыт беріліп, жиын соңында ұйымдастырушылар осы салада белсенділік танытып жүргендерді алғыс хатпен марапаттады.

Чилиде жаңа үлгідегі автобус құрастыру ісі қолға алынды. Бұл – дәстүрлі автобус орнына электр қуатымен жүретін көліктер.

Ел астанасы Сантьяго маңында орналасқан компания жылына 200 көлік шығаруды көздеп отыр. Осылайша экологияны жақсартуға үлес қосқысы келеді. Қоғамдық көліктерді электр автобустармен алмастырса, ауаға таралатын көміртегі газының көлемін азайтуға болады.



Аты аңызға айналған футболшы Диего Марадонаның құрметіне аспанға жерсерік ұшырылады.

Футболшының лақап атымен «Ғарыш батпырауығы» деп аталатын құрылғыда бірнеше спорт аяқ киімі мен әлемнің түкпір-түкпіріндегі жанкүйерлер жазып жіберген мыңдаған бейне және аудиотаспа сақталды. Ұйымдастырушылар жазба санын 1 миллионға жеткізуді көздеп отыр. Айрықша жобаға Give and Get технологиялық компаниясы мұрындай болған.

Елордада алғаш рет EXPO халықаралық көрме орталығының алаңында 17-21 тамыз аралығында «Kids EXPO. Балалар әлемі» тақырыбында балалар тауарларының жәрмеңкесі өтеді.

БАЛАЛАР ТАУАРЛАРЫН ҰСЫНАДЫ

Балалар жылы аясында өтетін бұл шараны Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің қолдауымен «QazExpoCongress» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы ұйымдастырады.

Жәрмеңке тақырыбы: білім беру, хобби, демалыс, балалар мәдениеті (журналдар, кітаптар және музыка), ойындар әлемі (ойыншықтар, ойындар және қолдан жасалған бұйымдар), балалар сәні мен киімдері, керек-жарақтар мен аксессуарлар және басқа да бағыттар.

Елордалық балалар тауарлары мен қызметтерінің «Kids EXPO. Балалар әлемі» – тауарлар мен қызметтер нарығының көшбасшыларын біріктіретін коммуникациялар үшін мінсіз платформа.

Жәрмеңке кітап, кеңсе, тоқыма, білім беру және ойын-сауық салаларының өкілдерін, балалар мен олардың ата-аналарына арналған тауарлар мен қызметтерді бір алаңда біріктіруге мүмкіндік береді.

Жәрмеңкеге қатысу – бұл шағын және орта бизнесті дамыту, тауарлар мен қызметтерді жылжыту, бренд туралы хабардарлықты арттыру, сондай-ақ сатылымды арттыру үшін нақты мүмкіндіктер.

Іс-шараға қатысудың басты



артықшылығы экспоненттер мен келушілер үшін арнайы іскерлік және мәдени іс-шаралар бағдарламасы ұйымдастырылады, онда қазақстандық және халықаралық сарапшылармен пікірталас алаңы, оқыту тренингі мен шеберлік сыныптары, концерттік бағдарлама, балалар мен мектеп киімдерінің көрсетілімі болады.

Мектеп тауарлары мен қызметтері индустриясын қолдау және дамыту ретінде жыл сайын жәрмеңке өткізу жоспарлануда.

Тіркеуден өтуге және толық ақпаратты мына сілтеме бойынша алуға болады: www.expokids.kz

ИНТЕРНЕТ ЖӘНЕ ҰЯЛЫ БАЙЛАНЫС САПАСЫ ЖАҚСАРА МА?

Бас қалада интернет және ұялы байланыс сапасын жақсарту керек. Қалалық Цифрландыру және мемлекеттік қызмет басқармасы бұл бағытта бірқатар жұмысты қолға алған. Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның отырысында аталмыш басқарма басшысы Мейрамбек Әшірбеков осы туралы баяндап, бейнебақылау камераларын орнату жұмысы жайында есеп берді.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Оның айтуынша, қалада интернет және ұялы байланыс сапасын жақсарту үшін 2020-2021 жылдары 17 антенналық-дигиттік құрылғы (АДҚ) орнатылса, биыл 15 осындай құрылғыны орнату жоспарланып отыр.

– Біз АДҚ орнатылатын арнайы мекенжайлар картасын әзірледік. Қазір осы жұмысқа қызығып отырған инвесторлар жеткілікті. Бірақ оған жер бөлу бойынша мәселе бар. Қалалық мәслихаттан осы жұмысты тездетуге септесуді сұраймын. Бұған қоса, электр қуатымен қамту бағандары арқылы ортоталшықты байланыс желісін тарту үшін тиісті рұқсат керек. Бұл тұрғын алаптарды интернетпен қамту үшін қажет. «Қазақтелекоммен» тұрғын алаптарда ФБА технологиясын пайдалану бойынша белсенді жұмыс жүргізіліп жатыр, – дейді М.Әшірбеков.

Баяндамашының пікірінше, құрылыс салушылар мен қалалық Саулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасына көптеген тұрғын үй кешендерін салуды жоспарлағанда, АДҚ-ны қоса салуды ұсыну керек. Және қаланың бас жоспарында осындай құрылғыларға арналған жер телімдерін көбірек қарастыру қажет.

– Қазір барлық жобаларда «қаланың цифрлық егізін» белсенді пайдаланып отырмыз. Соған сәйкес жер телімдері 100 пайыз цифрландырылды. Осы картаға бүгіндері камералар енгізіліп жатыр. Қалалық Полиция департаменті және iKomek қызметі өтініштер түскенде аталмыш картаны пайдалану үшін жағдай жасап жатырмыз. Алда жедел жәрдем, төтенше жағдайлар қызметтерімен байланыстыру жоспарланып отыр.

Коммуналдық қызметтер де пайдаланса деген жоспарымыз бар, – деген басқарма басшысы GPS трекинг бойынша іске асырылатын жобалар бар екенін жеткізді.

Оның айтуынша, жақында жол төсемдері мен жол активтері сканерленді. Бұл қанатқақты жоба арқылы қаланың жол жағдайын цифрландыруға болатыны анықталды. Яғни жолдардың техникалық жағдайын анықтап, қай жолдар жөндеуді қажет ететінін білуге болады.

– Қазір шлагбаумдар мәселесі, яғни шұғыл көмек қызметтерінің көптеген тұрғын үй кешендеріне жақындау мәселесі өткір тұр. Мәселен, жедел жәрдем белгілі бір шақыруға 6-10 минутта жетеді. Сосын тағы 5-20 минут шлагбаумның ашылуын күтіп тұрады. Қалалық мәслихаттың өртке қарсы қауіпсіздік ережесіне шлагбаумды пайдалану тарапында өзгерістер енгізу қажеттілігі туындап отыр. Бұл жағдайда шлагбаумдарға бақылау тетігі орнатылады. Шұғыл қызметтерде оны ашуға арналған кілт болады, – деді М.Әшірбеков.

Басқарма басшысының айтуынша, бүгінге дейін елордада 26857 бейнебақылау камерасы орнатылды. Олардың жартысы «Сергек» және қала тіршілігін кешенді қамтамасыз ету жүйесі жобалары аясында орнатылған. Бұл бағытта да аудандардың әкімдіктерімен бірге мекенжайлар картасы әзірленді. Қазір осы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобасын жалғастыру мәселесі қаралып жатыр. Алда құрылыс салушыларға, ғимараттар иелеріне, ПИК пен МИБ басшыларына бейнебақылау камераларын орнатқызып, жедел басқару орталығына шығаруды қамтамасыз ету мақсаты қойылды. Ол үшін қалалық мәслихат тиісті қаулыны бекітуі керек.

БАЛАНСҚА ҚАБЫЛДАНБАҒАН, БІРАҚ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛГЕН

Еліміздің астанасында көптеген жас отбасы тұрады. Олардың арасында көпбалалы отбасылар бар. Бұл, әрине, оқушы орындарының жетіспеушілігіне әкеледі. Аталған мәселені қолданыстағы мектептерге жапсаржай салу арқылы шешуге болады.

стандарттары әзірленуде. Бұл талаптарды орындай отырып, үздік нәтижеге қол жеткізуге болады.

**МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫ
СЫН АЙТТЫ**

Депутат Владислав Сергеев эк-

беруге болмайтын жағдай. Мәселе мынада, егер форс-мажор туындаса, қандай да бір күтпеген жағдай орын алса, бұған кім жауапты болады?

Е.Каналимов мектептерге жапсарлас құрылыстарға қатысты бірқатар проблемалық мәселелерді атап өтті. Мәслихат хатшысының пікірінше, ғимараттарды қабылдау механизмін әзірлеу қажет. Бұл ретте қатысушылардың әрекеті келісілмеген болып отыр. Мемлекеттік қабылдау барысында жапсарлас құрылыс салу бойынша техникалық қадағалау, авторлық қадағалау тарапынан неге ескертулер болмады деген сұрақ туындайды, осы үш жылда ақауларды жою кестесін жасауға болатын еді. Жосықсыз құрылыс салушылардың қайсысы сот бойынша жауапқа тартылды?

Тұрақты комиссияның төрағасы Алтыншаш Табулдинаның пікірінше, түпкілікті нәтижеге ең алдымен мүдделі болуы тиіс мектеп директорларынан жауапкершілікті алып тастауға болмайды, тиісінше, олар жағдайды бақылап, соңында қынжыларлық нәтиже болмау үшін құрылыстың басынан бастап кемшілікті көрсетіп отыруы тиіс. Бүгінгі таңда жапсарлас құрылыстардың елеулі бұзушылықтармен тапсырылғандығы директордан да, Білім басқармасынан да жауапкершілікті жоймайды.

НАҚТЫ ТАПСЫРМАЛАР: ҰСЫНЫСТАР МЕН ТАЛАПТАР

Е.Каналимов белгіленген мерзімде мәслихатқа Білім басқармасы, мектеп директоры, авторлық және техникалық қадағалау басшылығы және Құрылыс басқармасы қол қойған, кемшіліктерді жоюдың нақты мерзімі көрсетілген кестені ұсынуды сұрады. Бүгінде 11 жапсарлас құрылыстың 5-еуіне ескерту жоқ, 6 құрылыс бойынша елеулі кемшілік анықталған.

18 ескі мектеп бойынша мәселелер бар, оларды да шешу қажет. №2 мектеп пен украин мектебіне қатысты, бұл мектептерді бұзу және жаңа ғимараттар салу туралы ұсыныс болды. Жапсарлас құрылыс салу мүмкін емес ескі мектептер бар. Бес жылдық кезеңге жаңа мектептер салу жоспарланған, ал ескі мектептер туралы ұмытылып отыр, оларда да балалар оқиды.

Қ.Сенғазиев тозу пайызын сапалы анықтау үшін геология, жері, топырағы және т. б. ескере отырып, барлық ескі мектептерге кешенді зерттеу жүргізуді ұсынды. Барлық мектеп бойынша ақау актілері бар. Олар 2008 жылы №6 мектеп ғимараты құлаған жағдайдан кейін жасалып, қол қойылған.

Мәслихат хатшысы мектептер мен өзге де әлеуметтік инфрақұрылымдарды ескерусіз, ойластырылмай көп пәтерлі тұрғын үй кешендері (КТК) салынуы үшін компаниялардың өздері талаптарға сәйкес үйлердің жанына мектеп салуын көздейтін құрылыс регламентін қайта қарауды ұсынды. Сулы-жасыл бульварда «Атлант» КТК салынуда, онда 10 мыңға жуық тұрғын тұратын болады. Бұл КТК балалары қайда оқиды? ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті КТК және оның жанынан бірқатар әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін салу туралы ұсынысты қолдады, ағымдағы жылдың қыркүйек айында өзгерістер енгізіледі.

А.Табулдина мектептердің мұндай жай-күйде қабылдануы басқармалардың салғырттығынан болатынын атап өтті. Депутат осы мәселелерге қатысты жолданған құжаттарды, хаттарды, жосықсыз құрылыс салушыларға қатысты қабылданатын құжаттар туралы мәліметті мәслихатқа ұсынуды сұрады.

Түйіндеп айтқанда, қала тұрғындары да мәслихат депутаттарымен бірге мегаполистеі нысандар құрылысының барысын бақылай алса, құрылыс процесіне жедел қоғамдық мониторинг жүргізіп, қандай да бір бұзушылық анықталған жағдайда «халық бақылаушылары» дереу тиісті орындарға хабарласа дейміз.



**Гүлшат
САПАРҚЫЗЫ**

Жуырда қалалық мәслихатта 2019-2021 жылдар аралығында құрылыс аяқталып, пайдалануға берілген білім нысандарының ғимаратында құрылыс барысында орын алған кемшіліктер қарастырылды.

Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазиев мәслихат отырысында мәлімдегеніндей, 2019-2021 жылдар аралығында 11 мектепке жапсаржай салынған болатын, 5612 орын қолданысқа берілді. Бұл құрылыстар қаламыздағы мектептерде бала санының артық болуына орай мәселені шешуге оң ықпалын тигізді. 2022 жылы 2400 орынға арналған 2 жапсаржай ашу жоспарланған.

МЕКТЕП ЖАПСАРЖАЙЛАРЫНДАҒЫ КЕМШІЛІКТЕР

Бүгінге дейін қолданысқа берілген мектептердегі жапсаржайларда кездескен, әлі күнге дейін шешілмеген проблемалар жоқ емес. Атап айтсақ, Тайбурыл көшесінде орналасқан №23 мектептің физика кабинетінде парталарға электр тоғы жеткізілмеген, химия кабинетінде және зертханада ауа сору шкафы жасалмаған, қабырғаларда жылыту, жарық радиаторы істемейді, киім ауыстыру бөлмесінде жоғарыдан судың ағуы, розеткалардың жұмыс істемейуі және т. б. мәселелер бар. Пригородный елді мекеніндегі №24 мектепте де негізгі мектептің жертелесі жаңбыр жауған кездері жерасты суы толып, судың астында қалады, жарық, жылу, желдеткіш аппараттары, электр жабдықтары, т. б. істен шығу қаупі бар. Бүгінде Құрылыс басқармасына біткені туралы акт тапсырылған. Бірақ техникалық жабдықтау, яғни энергиямен қамтамасыз ету мекемелерімен арада қиындық бар. Петров көшесіндегі №28 мектепте құрылысқа қажетті құқық берілмеуі себепті жарық, жылу мекемелерімен шарт жасасу мүмкін болмай отыр, желдету жүйесінің бір жағы жұмыс істемейді, автоматика бойынша құржат жоқ, ағымдағы жөндеу бойынша сызбалары берілмеген, спорт залында қыста салқын, жаңбыр жауса су ағады. Кенесары көшесіндегі №31 мектеп қабырғалары дымқыл және жерасты суларының көтерілуіне байланысты қауіп жойылғанмен, көктемгі жаңбыр кезінде жерасты суының көтерілуі қауіп бар. Аманат көшесінде орналасқан №51 мектеп-гимназиясы корпустың кіреберісіндегі баспалдаққа плита дұрыс орналастырылмаған, сапалы жасалмаған, ескі жақтаулар арасында саңылау қалып, қабырғаларға дұрыс бекітілмеген, жаңбыр жауғанда терезеден су ағып, қабырға қопа-

рылып, жарылып жатыр, терезелердің жақтауы дұрыс орналастырылмағандықтан, жел үрлейді. Шарбақты көшесінде орналасқан №57 орта мектебінде желдету жағы жұмыс істемейді, тақталардың астындағы радиаторлар жеткіліксіз. Қалған объектілерде құрылыс барысында проблемалар болған жоқ. Кемшіліктер, анықталған ақаулар уақытында, кепілдік мерзіміне сәйкес жойылып отырды. Олар – №40, 52, 60, 64, 68 мектептердің қосымша жапсаржай салу объектілерінде. Осыған орай, тапсырыс беруші Құрылыс басқармасы болғандықтан, осы сұрақтардың шешілуіне ықпал етуін сұрап, Білім басқармасы тарапынан бірнеше рет сұраныс жолданды.

ҚҰРЫЛЫС БАСҚАРМАСЫ НЕ ДЕЙДІ?

Нұр-Сұлтан қаласының Құрылыс

тептерге жапсарлас құрылыстардың сапасына сын айтты және оның пікірінше, құрылыстың өте қысқа мерзіміне сілтеуге болмайды. Депутат мерзімдерді көрсете отырып, мердігерлер, Білім басқармасы, мектеп директорларының қолдары қойылған кемшіліктерді жою бойынша егжей-тегжейлі жоспар дайындауды ұсынды. Мектеп жанындағы аумақтардың жайластырылымы да назар аударуды талап етеді. Оларда орналастырылған 90-жылдар стиліндегі самалжайлар көбінесе кешкі уақытта маргиналдардың жиналу орнына айналған.

Мәслихат хатшысы Ерлан Каналимов білім алу үшін жағдай жасауға жауапты Білім басқармасына ескерту жасады. Хатшы мектеп директоры құжаттарға қол қоймас бұрын құрылыс сапасы бойынша барлық ескертулерді хабарлап, олардың



жойылуын талап етуін ұсынды. №28 мектеп директоры Татьяна Брусевич 2019 жылы тұрғызылған мектепке жапсарлас құрылысқа қатысты сөз қозғап, ешқандай құжатқа қол қоймағанын айтты. Комиссия құрылып, кемшілік жойылмағандықтан, құжаттарға қол қойылмаған.

Мәслихат хатшысы егер құқық белгілейтін құжаттар болмаса, қазіргі уақытта мектептің бұл жапсарлас құрылысы қалай пайдаланып жатқандығы туралы сұрады. Бұл – парадокс, ғимарат балансқа қабылданбаған, бірақ пайдаланылып жатыр. Үш жыл өтсе де, бәрі сол қалпында.

Е.Каналимов қазір объектілерді кімнен кім қабылдағаны маңызды емес екенін, басшының ауысқанына немесе басқа да сыртқы жағдайға қарамастан, бастысы барлығы бірыңғай тәртіпті, бірыңғай талаптарды сақтау маңызды екенін атап өтті. Қаланың бүкіл мектептері тексеріліп, барлық ақаулар анықталып, жойылған бір кезең болған. Ол Білім басқармасына депутаттардың жұмыс комиссиясын құруды, барлық мектептердің құқық белгілейтін құжаттарына тексеріс жүргізуді, олардың әділет органдарында тіркелуінің болуын анықтауды ұсынды. Жапсарлас құрылыстардың кемшіліктермен тапсырылатыны және ғимараттар ұзақ уақыт бойы құжатсыз пайдаланылатыны – жол



ГАЗДАНДЫРУ БАРЫСЫ ҚАЛАЙ?

Елордада «Нұр-Сұлтан – жайлы қала» мастер-жоспары аясында тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру үшін өткен жылыту маусымынан бастап бірқатар елді мекенде газдандыру жұмысы жүріп жатыр.

**Гүлбаршын
ӨКЕШҚЫЗЫ**

Бүгінгі таңда Алматы және Сарыарқа аудандары толығымен газдандырылды. Қалған екі аудан – Есіл және Байқоңыр бойынша газ тарату желілерінің құрылыс жұмысы кезең-кезеңімен жүріп жатыр.

Газдандыру – Елбасының ауқымды жобасы. Ол қала тұрғындарының өмір сүру сапасын арттырып, қала экологиясына айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік береді. Бұл мәселені қала басшысы да қатаң қадағалап отыр. Жақында бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен өткен кездесуде Алтай Көлгінов осы бағыттағы жұмыс қарқынын төмендетпеу қажеттігін тапсырған болатын. Елорда әкімінің айтуынша, қазіргі күні бас қалада 14 мың абонент газға қол жеткізді, 6 мыңнан астам абонент техникалық шарт алды, сонымен қатар 3,6 мыңнан астам үй, яғни тұрғындардың 25 пайыздан астамы газға қосылды.

Қала әкімдігінің басшылығымен атқарылған жүйелі жұмыстардың нәтижесінде соңғы кезде газдандырылған үйлер саны күн сайын артып келеді. 2020 жылғы жағдай бойынша 6 мың үй газға қол жеткізсе, 2021 жылы 14 мыңнан астам үй, оның ішінде 1800 отбасы, ал биыл 3,6 мыңнан астам отбасы газбен жабдықтауға қосылды. Олардың 5166-сы техникалық шартқа ие болды.

Есіл және Сарыарқа аудандары бойынша, атап айтсақ, Ильинка немесе Үркер, Өндіріс, Пригородный, Телман елді мекендерінде, сол сияқты «Family Village», «Garden Village» шағын аудандарында газ тарату желілерінің құрылыс жұмысы кезең-кезеңімен жүріп жатыр. Бұл тұрғын алаптарда қазір газ құбыры салынуда. Келер жылы бұл елді мекендерде орамшәкіл желілер салынады.

Шараның игілігін көргендер көп. Солардың бірі – Балтабек Думанұлы. Ол биыл әкімдіктің қолдауымен үйіне газ тартып алды. Қуанышында шек жоқ. «Әсіресе, балаларға жақсы болды. Қыста көмір тасып, аязды күні бүрсеңдеп, далаға шығып, отын кіргізіп, одан қалса пеш жағып, құл шығарумен зуре болушы еді. Биыл қиналмаймыз. Әкімдіктің қолдауымен газға қол жеткіздік. Тұрмысымыз жеңілдеді. Осы жұмысты қолға алған қала басшылығына айтар алғысым шексіз. Бұл – біз үшін үлкен жеңілдік» деді елордалық ардагер.

Сонымен бірге Шұбар шағын ауданында жобалау жұмысы жалғасуда. Бұдан басқа, 1-ЖЭО және 2-ЖЭО-нің 13 су жылыту қазандығы газға ауыстырылды. Бүгінде 3-ЖЭО құрылысы қайта басталды, жаңа құрылыс аудандарын жылумен қамтамасыз ету үшін үш жергілікті газ қазандығының жобалау жұмысы жүріп жатыр. Қаланы толық газдандыру 2023 жылы аяқталады.

ТЕАТР ТАРТУЛАРЫ МЕН ТАБЫСТАРЫ

Нұр-Сұлтан қаласы Мәдениет басқармасына қаланың алты театры қарайды. Биылғы жарты жылда аталмыш өнер ошақтары көрермендерге 485 қойылым ұсынып, 108 іс-шара мен 8 премьерә өткізді. Оларды барлығы 113411 көрермен тамашалады.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Соның ішінде өткен жексенбі күні соңы болып Музыкалық жас көрермен театры «Абай-Тоғжан» музыкалық драмасымен II маусымын жапты. Жалпы аталмыш театр маусым соңына қарай көрермендерге үш бірдей премьерә ұсынды. Бұл – «Махаббат бар ма?» лирикалық комедиясы, «Үнсіздік» перформансы және «Go Do» комедиялық абсурды.

Жаңа маусымда осы жылдың аяғына дейін бұл театр классик қаламгеріміз Жүсіпбек Аймауытовтың «Сылаң қаққан» комедиясы мен «Қыз Жібек» этно-фольклорлық мюзиклінің премьерасын өткізбек.

«Наз» мемлекеттік би театры XXIII маусымды «Ел жүргі – елорда» концерттік бағдарламасымен түйіндеді. Бұл елорда тұрғындарына театрдың есеп беру концертін іспеттес болды. Ал «Жастар» театры XV театр маусымын Ғ. Мүсіреповтің «Жібек» мюзиклімен жапты.

Ә. Мәмбетов атындағы мемлекеттік драма және комедия театры маусым соңында көрермендерге «Келіндер көтерілісі» комедиясын ұсынды. Бұл Өзбекстанның көрнекті жазушы-драматургі Саид Ахмадтың пьесасы желісімен сахналанды. Бір айта кетерлігі, аталған спектакль ұзақ жылдар бойы қазақ сахнасы төрінен түспей келе жатыр.



Қойылым еліміздің жетекші театрларында жүріп жатыр. Осы пьесаны қазақ тіліне аса көрнекті жазушы Асқар Сүлейменов аударды. Ал Ә. Мәмбетов театрында жас режиссер Ұланмырза Қарыпбаевтың сахналауымен көрермендерге жол тартты.

Қыркүйек айында сахна саңлағы, қазақ театрының реформаторы, КСРО және Қа-

зақстанның халық әртісі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері, Халық қаһарманы Әзірбайжан Мәмбетовтің туғанына 90 жыл толады. Осыған орай оның атындағы театрдың жаңа маусымында көрермендерге дайындап жатқан шығармашылық тартуы аз болмауы керек деп ойлаймыз.

Нұр-Сұлтан қаласының Қуыршақ театры жыл бойы

істей береді. Биылғы «Балалар жылында» аталмыш өнер ошағы жұмысының маңызы одан сайын артты. Өткен жұма, сенбі, жексенбі күндері осы театр жапон халық ертегісі желісімен «Жаңғырық туралы ертегі» хикаясын ұсынды. Алда да театр репертуарындағы балаларға базарлық болатын қойылымдар көрсетіледі.

М. Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театры 121-театр маусымын табысты аяқтады. Осы маусымда «Жарқын ойлар» және «Гоголь.Петербург» спектакльдері елордада өткен I «Teatr ALL» фестивалінде «Жаңа есімдер», «Үздік актерлік ансамбль», «Үздік ер адам рөлі», «Ерекше көзқарас» аталымдарында топ жарды. Мәскеудегі «Алтын витязь» атты XIX халықаралық фестивалінде «Жарқын ойлар» спектаклі «Үздік актерлік ансамбль» аталымы бойынша марапатталды. Театр актрисасы мен режиссері Людмила Крючкова Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері атағын иеленді. Актриса Екатерина Максим II дәрежелі «Достық» орденімен, әртістер Наталья Косенко, Денис Анников, Болат Кірібаев «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл» мерейтойлық медалімен марапатталды. «Қазақстан театрлары-2021» мониторингі қорытындысында «Гоголь.Петербург» спектаклі жылдың үздік спектаклі атанды. Ал актриса Светлана Фортуна «Үздік әйел бейнесі» аталымында Қазақстан театр қайраткерлері одағының «Еңлікүл-2022» театр сыйлығын алды. Театрдың көркемдік жетекшісі – бас режиссері, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Бекболат Парманов Түрксой ұйымы тағайындаған «Шыңғыс Айтматовқа 90 жыл» медалімен марапатталды. Ал орыс театрының 121-маусымы «Жүздік көлеңкесінде» спектаклінің премьерасымен жабылды.

СПОРТ



ПРЕЗИДЕНТ КУБОГЫ РЕСЕЙГЕ КЕТТІ

Нұр-Сұлтан қаласында өткен ITF World Tennis Tour W60 челленджер турнирінің финалында қазақстандық Денис Евсеев пен әлемнің 151-інші, осы жарыстың бірінші ракеткасы болған ресейлік Роман Сафиуллин кездесті.

Бірінші партияда жерлесіміз 6:2 есебімен жеңіске жеткен еді. Алайда екінші сетте Р.Сафиуллин 6:4 есебімен жеңіске жетіп, есесін қайтара білді. Ал өте шиеленісті жағдайда өткен шешуші партияда ресейлік теннисші тай-брейкте жеңісті

жұлып әкетті.

Әйелдер арасындағы турнирдің жеңімпазы да тай-брейкте шешілді. Ақтық сында жапониялық Моюка Учиджима үздік шықты. Ол финалда сербешуші партияда ресейлік теннисші тай-брейкте жеңісті 6:3, 7:6 есебімен ұтты.



АЙЫМБЕТОВ ҚҰТҚАРЫП ҚАЛДЫ

Футболдан Қазақстан кубогының Д тобында үшінші кезеңнің ойындары өтті. Елорданың «Астана» клубы Түркістанда жергілікті «Тұран» командасымен кездесті.

Бұл ойында қарсыластар ұпай бөлісіп тарақты. Ойынның 47-інші минутында алаң иелері сапынан Бекзат Қабылан есеп ашса, екінші таймның ортасында астаналық Абат Айымбетов таразы басын теңестірді. Осылайша, 1:1 есебі ойын соңына дейін өзгермей қалды. Үшінші турдан кейін 5 ұпаймен «Астана» бірінші орында

тұр. «Тұранның» еншісінде төрт ұпай болса, қарағандылық «Шахтер» командасының қоржынында үш ұпай бар. Ал, Талдықорғанның «Жетісу» клубында бір-ақ ұпай.

Қазақстан кубогының ширек финалына шығатын командалар төртінші турдан кейін белгілі болады.



АЗИЯ БІРІНШІЛІГІНЕН АЛТЫН БҰЙЫРМАДЫ

Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Елордада U23 және U19 атлеттері арасындағы Азия чемпионатының жеңімпаздары мен жүлдегерлері анықталды.

Құрлық біріншілігінде Қытай, Жапония, Оңтүстік Корея, Үндістан, Гонконг, Моңғолия, Қырғызстан, Өзбекстан, Қазақстан және басқа елдердің үздік атлеттері бақ сынады. Велосипедпен, жүзуден және жүгіруден бәсекеге түсетін триатлон

жарысы ең ауыр спорттардың қатарына жатады. Сондықтан да әлем бойынша триатлонға қызығушылық артып отыр.

Азия біріншілігінде Қазақстанның намысын 15 спортшы қорғады. Солардың ішінен екі спортшымыз ғана жүлдегер-

лер қатарынан көрінді. Атап айтқанда, U23 санатындағы сайыста Дарын Қонысбаев Азия чемпионатының күміс жүлдегері атанды. Ол үш сайысты 1 сағат 51 минут 14 секундта аяқтады. Ал қола жүлде қытайлық Цин Ченге бұйырды.

Әйелдер арасындағы жарыста жапониялық Изуми Икегучи топ жарды. Ал екінші және үшінші орынды қытайлық қос қыз бөлісті. Вен Вей күміспен күптелсе, Синь Лин қола медальді қанағат тұтты.

Ал U19 жарыстарында жапониялық спортшы қыздар Мако Зиразуми мен Манами Хияши тиісінше бірінші және екінші орынды бөліссе, Гонконг өкілі Шарлотта Холл қола жүлдеге қол созды. Жас жігіттер арасында өткен сайыста да жапониялық Аму Омуро алтын алса, Такуто Осима күміс медаль иеленді. Ал қазақстандық Егор Крупняков қола жүлдені қанжығасына байлады.

Осылайша Қазақстан құрамының қоржынына қос жүлде түсті.



№87 (4365) 26/07/2022 Сейсенбі

Гүлбаршын
ӨКЕШҚЫЗЫ**ҚҰРМАНҒАЗЫ
ЕСКЕРТКІШІ**

Нұр-Сұлтан қаласының Тұран даңғылы бойындағы «Думан» қонақ үйінің ауласында қазақтың ұлы күйші-композиторы Құрманғазы Сағырбайұлының ескерткіші орналасқан. XIX ғасырда өмір сүріп, ғажайып туындыларды өмірге әкелген дәулескер күйші Құрманғазы Сағырбайұлының «Сарыарқа» күйі бүкіл дүниені шарлап, қазақтың музыкасын әлемге паш еткен.

Күйші мүсіні 5,5 метрлік биіктіктегі тұғырға орнатылған. Қоладан құйылған ескерткіш-мүсіннің жалпы биіктігі – 10 метр. Мүсіндік композицияда күйшінің жарқын бейнесін, оның ерекше тұлғасын, қазаққа әйгілі өшпес рухын көрсету идеясы жатыр. Мүсінде Құрманғазының ұлы далаға кең тараған күйлерінің бірін орындап отырған кезі бейнеленген. Ескерткіштегі аспап Құрманғазы домбырасының дәл көшірмесі болып табылады.

Тұғыр гранитпен қапталған және екі бөліктен – биіктігі 2 метр төменгі және 3,5 метрлік 3 тақырптық бедер орнатылған жоғары бөліктен тұрады. Олар ұлы сазгердің бейнесін толықтырып, Құрманғазы Сағырбайұлы өмір сүрген кезеңді суреттейді.

**ҰЛЫ АБАЙ
ЕСКЕРТКІШІ**

Елордаға көрік қана емес, рух беріп тұрған тұғырдың бірі – қазақтың ұлы ақыны Абай атамыздың ескерткіші. Ол 2010 жылы 19 маусымда ашылды. Абай мен Бейбітшілік көшелерінде бой көтерген ойшыл тұлғаның еңселі ескерткіші стилобат, постамент және мүсіннен тұрады.

Монументтің жалпы биіктігі – 17,750 метр, ал Абай мүсінінің биіктігі – 7,550 метр. Мүсіндік композицияның барлық элементтері бір қалыпта әзірленіп, таза қоладан құйылған. Салмағы – 10 тонна. Ескерткіш авторы – мүсінші Болат Досжанов.

**ЕЛОРДАНЫҢ ЕРЕКШЕ
ЕСКЕРТКІШТЕРІ**

Әр елдің болмысы мен бедерін білдіріп тұратын ерекше ескерткіштері болады. Мәселен, Мысырдың пирамидасы, Үндістанның Тәж-Махалы, Қытайдың қорғаны, Францияның «Эйфель» мұнарасы туралы естімеген жан кемде-кем. Ал, Қазақстанның астанасы «Бәйтерек» монументімен әйгілі. Десек те, елорданың ортасынан орын тепкен, сан ғасырлық тарихымызға, бүгінгіміз бен ертеңімізге қойылған бұдан басқа да көрікті тұғырдастар бас қалада жетерлік. Бұл жолы солардың бесеуіне тоқталуды жөн көрдік.



Ескерткішті жасау кезінде мүсінші Абайдың азаматтық ұстанымы мен имандылығын, даналығын, оның сөз өнерін шебер меңгергендігін және соңына қалдырған әдеби мұрасын халық қаншалықты бағалайтынын көрсетіп, ақын тұлғасын асқақтатуға ерекше тырысқан. Ұлы ақын тұғырының жанында талай ақын жыр оқыды. Деректі және көркем шығармалардан үзінділер тыңдалды. Талай баспагер кітап көрмесін ұйымдастырды. Ақынның туған күніне орай өтетін жыл сайынғы Абай оқулары да осы жерде қорытындыланады. Абай ескерткішінің алды бүгінде қала тұрғындарының демалып, серуен құратын сүйікті алаңына айналған.

**«ОТАН-АНА»
МОНУМЕНТІ**

Еліміздегі ең әсем, сәулеті де келіскен ескерткіштердің бірі – елордадағы Отан қорғаушыларға арналған «Отан-Ана» монументі. Бұл ескерткіш 2001 жылы Жеңіс күні мерекесі қарсаңында қазіргі Тәуелсіздік даңғылы мен Қ. Мұңайтпасов көшесінің қиылысындағы алаңда тұрғызылды. Мемориалдық кешеннің монументалды композициясы Қазақстанда тұратын барлық ұлттардың бірлігін білдіретін масақ бау түріндегі қола стела мен бірлікке, келісімге шақыратын Отан-Ана бейнесінен тұрады.

«Отан қорғаушылар» мемориалының өзегі – биіктігі 37,5 метр, салмағы 63 тонналық алып монумент ана бейнесі. Айналасындағыларды бірлік пен келісімге шақырып, күлімсіреп тұрған ақ кимешекті ана бейбітшілік пен көркеюдің белгісі саналатын алтындалатын зерлі тостаған-кесесіне ақ құйып, оны мейірімге толы көңілімен қос қолдап ұсынып тұр.

Астананың ажарын айшықтаған ескерткіштің ұшар басындағы 101

алтын масақтан тұратын 40 метрлік стелла Қазақстанда тұратын ұлттардың бірлігі мен берекесін бедерлейді. Масактардың іргесі қазақ жерінде әр ұлттың рухани мұрасын зерделеген ою-өрнектермен безендірілген. Мемориалдағы жер шарының бейнесі де ерекше көңіл аудартады.

Қола бағанның екі жақ қапталының бірінде ата-бабамыздан қалған байтақ даланы жаудан қорғаған айбынды батырлар мен екінші жағында Отан соғысы жылдары ерлік көрсеткен қазақстандық әскерилер бейнесі көркемделген. Мұны майдан даласында мерт болған жауынгерлер мен арамда аман-есен жүрген соғыс ардагерлеріне деген құрмет деп түсінуге болады.

Елдің көңілінен шыққан ескерткіш авторлары – белгілі сәулетшілер А.Бексұлтанов пен Н.Конопольцев.

**«ҚАЗАҚ ЕЛІ»
МОНУМЕНТІ**

Тарихи-мемориалдық кешеннің жалпы аумағы 5,2 гектар, соның монумент орналасқан орталық тұғырнамасы 1 гектар жерді алып жатыр. Ақ мәрмәрдан құйылған монументтің биіктігі – 91 метр, бұл – Қазақстан тәуелсіздігін алған 1991 жылдың белгісі. Ал оның басындағы алтын түстес бояумен әрленген алып құс – Самұрық Қазақстанның тыныштығын «күзетіп» тұр. Монументтің түсі – ақ. Ол қазақстандықтардың достыққа адал, бауырмал, ақ ниетін паш етсе керек.

Монументтің авторлары – Сәрсенбек Жүнісов және Жаңбыршы Нұрқенов.

2009 жылы ірге қалаған тұғыртас еліміздің сан ғасырлық тарихын, басынан кешкен небір аумалы-төкпелі замандарды, азаттықтың ақ таңы атқалы бері жеткен жетістіктерімізді әспеттейтін дәуірлік маңызы бар тарихи кешен.

Шындығында, мән-мағынасы терең осынау ескерткіш тарихи әділдіктің салтанат құруын айғақтайды.

**ЖЫР АЛЫБЫ –
ЖАМБЫЛ**

Есідің оң жақ бөлігінде Жұмабек Тәшенев және Амман көшелерінің қиылысында Жамбыл саябағы орналасқан. Ал, жыр алыбы – Жамбыл Жабаевтың ескерткіші Нұр-Сұлтан қаласындағы Ж.Тәшенев көшесінің бойына тұрғызылған. Ескерткіш қаланың 10 жылдығына орай 2008 ж. шілдеде ашылды.

Қоладан құйылған мүсінде Жетісудың дүлдүл ақыны Сүйінбайға жолығып, оның батасын алған өлең сөздің дүлдүлі, жырау, қазақ халық поэзиясының әйгілі тұлғасы Жамбыл Жабаевтың

Қазақстанның жас астанасына ақ тілек тілеп тұрған бейнесі бедерленген.

Қолына қасиетті қара домбырасын ұстап, кең шапанының өңірін ашып, ыстық құшағымен алып даланы құшақалы тұрған қарт жыраудың елордадағы қола мүсінінің жалпы биіктігі 12 метрден асады. Қасиетті сөзімен елін сүйіп, Алатаудың селіндей ағынды жырларымен жеріне қорған бола білген Жамбыл-жырдың қасиеті елорда төрінде асқақтап тұрғандай.

Ескерткіш айналасына гранит тас төселген. Мүсін авторлары: мүсінші Нұрлан Далбай, архитекторы Қ.Ж.Жарылғапов.



– Геральдикалық орталық жұмысы көпшілікке аса таныс болмаса да соңғы қызметтеріңізге қарап жаңа қызметтің дер кезінде пайда болғанын байқап жүрміз. Әлемдік тәжірибеде баламасы бар ма?

– Ең қызығы геральдикалық зерттеу орталығы деген мекеменің Орта Азия елдерінде баламасы жоқ. Ресейдің мемлекеттік музейінде геральдика орталығы, қорғаныс министрлігінде геральдика қызметі және Президент төрағалық ететін Геральдика Одағы бар.

Басқа мемлекеттерде музейлер болғанымен дәл осы саламен айналысатын, тәжірибе алмасатын орталықтар жоқ. Сондықтан да біз үшін де, әлем үшін де тың тақырып. Тастағы таңбаларды зерделеу, зерттеу арқылы өткен тарихымызды жаңғырту бүгінгі күннің басты талабы.

Осы мақсатта министр Дәурен Абаевтың тікелей қолдауымен келесі жылы Халықаралық геральдиктер конференциясын өткізуді жоспарлаудамыз. Сонымен қатар геральдиканың экспозициялық зальын құруға да қаражат беріп отыр. Демек, келесі жылы әлемнің түкпір-түкпіріндегі геральдист ғалымдардың басын қосу арқылы біз Түркітілдес елдер арасындағы алғашқы ғылыми зерттеу орталығы болуға толық мүмкіндігіміз бар.

Мен сәуір айында тағайындалдым. Осы уақыттан бері «Қазақ геральдикасы» кітабын шығарып, «Таңбалы тастар тарихы» атты көрме ұйымдастырып, бірнеше маңызды конференцияларды өткізіп үлгердік.

Ең маңыздысы орталық жанынан белгілі ғалымдар Қаржаубай Сартқожаұлы, Бүркіт Аяған, Сұлтанхан Аққұлұлы, Тұрсын Жұртбай, Халиола Саматаұлы, Жандарбек Мәлібеков, Бекен Қайрат, Иманғазы Нұрахмет, Марат Әбсеметов сынды көрме ұйымдастырып, бірнеше маңызды конференцияларды өткізіп үлгердік.

Ең маңыздысы орталық жанынан белгілі ғалымдар Қаржаубай Сартқожаұлы, Бүркіт Аяған, Сұлтанхан Аққұлұлы, Тұрсын Жұртбай, Халиола Саматаұлы, Жандарбек Мәлібеков, Бекен Қайрат, Иманғазы Нұрахмет, Марат Әбсеметов сынды көрме ұйымдастырып, бірнеше маңызды конференцияларды өткізіп үлгердік.

Ең маңыздысы орталық жанынан белгілі ғалымдар Қаржаубай Сартқожаұлы, Бүркіт Аяған, Сұлтанхан Аққұлұлы, Тұрсын Жұртбай, Халиола Саматаұлы, Жандарбек Мәлібеков, Бекен Қайрат, Иманғазы Нұрахмет, Марат Әбсеметов сынды көрме ұйымдастырып, бірнеше маңызды конференцияларды өткізіп үлгердік.

Ең маңыздысы орталық жанынан белгілі ғалымдар Қаржаубай Сартқожаұлы, Бүркіт Аяған, Сұлтанхан Аққұлұлы, Тұрсын Жұртбай, Халиола Саматаұлы, Жандарбек Мәлібеков, Бекен Қайрат, Иманғазы Нұрахмет, Марат Әбсеметов сынды көрме ұйымдастырып, бірнеше маңызды конференцияларды өткізіп үлгердік.

Ең маңыздысы орталық жанынан белгілі ғалымдар Қаржаубай Сартқожаұлы, Бүркіт Аяған, Сұлтанхан Аққұлұлы, Тұрсын Жұртбай, Халиола Саматаұлы, Жандарбек Мәлібеков, Бекен Қайрат, Иманғазы Нұрахмет, Марат Әбсеметов сынды көрме ұйымдастырып, бірнеше маңызды конференцияларды өткізіп үлгердік.

Ең маңыздысы орталық жанынан белгілі ғалымдар Қаржаубай Сартқожаұлы, Бүркіт Аяған, Сұлтанхан Аққұлұлы, Тұрсын Жұртбай, Халиола Саматаұлы, Жандарбек Мәлібеков, Бекен Қайрат, Иманғазы Нұрахмет, Марат Әбсеметов сынды көрме ұйымдастырып, бірнеше маңызды конференцияларды өткізіп үлгердік.



өз таңбасы бар, бұл қастерлі ұғымды тым төмендетіп жіберген жоқ па? Әлде олардың өз санаты бар ма?

– Бұл – маңызды мәселе. Қазіргі таңда біз өз бастамамызбен осы жұмысты бір қалыпқа келтіруді бастап та кеттік. Әр өңірдің өз гербі бар. Әуелі оларды герб деп атаудың өзі дұрыс емес. Герб бізде біреу-ақ. Оның Конституциямен қорғалған мәртебесі бар.

Сондықтан да оларды герб емес өңірлік нышан деп атауды ұсынып отырмыз. Біздің жүргізген мониторинг жұмысымыздың барысында еліміздегі облыс, қала, аудандардағы нышандардың бірізділігі жоқ, бірі төртбұрыш, бірі дөңгелек, бірінде аң құс, бірінде табиғат, яғни дизайнгерлік, суретшілік фантазия жоқ. Біздің ережеліміздің басты талабы кез келген әзірленген өңірлік нышанда ұлттық мүдде, мемлекеттік идеология мен халықтар достығы бірінші кезекте тұруы керек.

Сонымен қатар оларды қабылдаудың да нақты ережесі жоқ. Әкімге ұнаса болды, қабылдай алады. Келесі әкімге ұнамаса өзгертіп жібереді. Сондықтан да осы өңірлік рәміздерді біріздендіру мақсатында Елтаңба авторы Жандарбек Мәлібеков ағамызбен бірлесіп «Өңірлік рәміздерді қабылдаудың ережесін» әзірлеудеміз.

Онда ер облыс, аудан, қала әкіміне ұсыныс түскен соң өкім қоғамдық кеңес өкілдерімен талқылайды, одан кейін біздің орталықтың сараптамалық кеңесіне жолдайды. Тиісті қорытындыны алған соң мәслихат шешімімен бекітеді.

Біздің қазір осы мақсатта құрып жатқан сараптамалық кеңесімізде суретшілер, дизайнерлер және қоғамға белгілі азаматтар бар.

Бұл жұмыста бізге геральдист ғалым Айдын Рысбекұлы да көмек береді. Сондықтан да алдағы уақытта бұл салада ауқымды өзгерістер орын алады дегенге сеніміміз көміл.

– **Айта кететін нәрсе түрлі мерейтойлық жылдардың Абай, әл-Фараби т.б. эмблемасы дейміз бе, конкурс арқылы өтсе де көңілден шықпай жатады. Оның жоғарғы эстетикалық өлшемі қалай болу керек деп ойлайсыз? Егер орталықтандырылса, неге халық хабарсыз әрі бұқараның талдауынсыз өтеді?**

– Бұл сұраққа жоғарыда жауап беріп кеттім. Ереже әзірленіп Мемлекеттік Кеңесші Ерлан Қариннің қарауына жіберіледі. Егер мақұлдаса біз ережені мемлекеттік геральдикалық және ведомстволық наградалар комиссиясының қарауына енгізіп бекіттіріп, барлық өңірлерге жолдаймыз.

Сонымен қатар жалпы мемлекеттік рәміздерді қолдану мен

ЕЛ МЕН ЖЕРДІҢ КЕЛБЕТІ КЕЛІСТІ БОЛУЫ КЕРЕК

Өткен жылы ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Архив істері және құжаттаманы басқару комитеті жанынан «Геральдикалық зерттеулер орталығы» республикалық мемлекеттік мекемесі ашылған болатын. Жаңа орталыққа еліміздің мемлекеттік рәміздері мен ұлттық тарихи таңбаларды зерттейтін маңызды міндет жүктеді. Құрылғанына бір жылдай ғана уақыт өтсе де жұмысын жаңаша жандандырып, мекеменің директоры Асылбек Баяжұмаев сұхбаттастық.

Форумдар, жиналыстар, семинарлар – бұл өткен ғасырдың әдіс тәсілдері. Еліміздің бай тарихында әлі де болса адам аяғы баспаған тылсым дүниелер жеткілікті. Соның бірі – тарихы таңбалар мен қорымдар. Өзіңіз кәу болғандай, өткендегі Қарқаралы сапарында 400-ден астам зерттелмеген қорымдар мен 15-тен астам балбал тастар табылды.

Біз шетелден тарихи деректерді іздеп қаңғымай-ақ, өз еліміздегі осындай жәдігерлерімізді зерттеп жарыққа шығарсақ, тарихтың ақтаңдақ беттерінің талай сырын ашамыз деген ойдамын.

Қазіргі таңда, үгіт-насихат жұмыстарының жаңа форматтарын қарастырамыз. Бұл, әсіресе, әлеуметтік желідегі жұмыс. Осы мақсатта орталық жанынан «Тарих пен таңба» атты ютуб канал, фейсбук, инстаграм желісінде парақша, сайт аштық.

Әр апта сайын ютуб каналымызда елімізге танымал тарихшылардан сұқбат алып отырамыз. Ал енді көбінесе жұмысымызды демеушілер арқасында өткізетіндіктен «Тұғырлы хан – оң хан» корпоративтік қорының төрағасы Асылхан және Нұржан Ігібаев ағаларымызды атап өткім келеді.

Осы азаматтардың қазақ тарихына деген қызығушылығын нәтижесінде Ереймен, Қарқаралы елдеріне баруға мүмкіндік алдық. Алдағы уақытта Баянауыл, Қорғалжын, Солтүстіктің Айыртау өңіріндегі тарихи орындарды аралауды жоспарлаудамыз.

Сонымен қатар, Рәміздердің 30-жылдығы қарсаңында Елтаңба авторы, академик, профессор, сәулетші Жандарбек ағамызбен кездесулер ұйымдастырып, мемлекеттік рәміздерімізді насихаттау жұмыстарын да жүргізудеміз.

– **Айналып келгенде елге, жерге сүйіспеншілік осындай маңызды әрекеттерден басталады. Мектеп оқушыларынан бастап зейнеткерлерге дейін ел көркем, жер танымақ қызметін тек ішкі туризмнің үлесіне қалдырмай әкімшіліктен бастап түрлі ресми органдардың да атсалысуы керек шығар? Алдағы жоспарларыңыз қандай?**

– Дұрыс айтасыз. Өкінішке қарай, біздің елімізді, жерімізді тануға арналған экскурсиямызға ресми органдардың қызығушылығы шамалы. Өзіміз хабарласып сұранып барып жүрміз. Қазіргі таңда ресми органдардың басшылары, әкімдер тарапынан өз өңірлеріне шақыратын ұсыныстар түскен жоқ.

Көптеген әріптестерім, өзimde әкім болған адаммын, идеология саласын екінші сортқа қояды. Оларға жол төсеп, су өткізсек болды. Халықтың көңілі толады деп қысқа ойлайды.

Идеология бұл – әкімнің бірінші құралы. Рухани азық. Рухани саладан бай ауданның халқының патриоттық сезімі оянады. Өз елінің өлкесінің тарихын зерттеп,

зерделейтіндер тіптен аз. Әсіресе жастар арасында бұған деген қызығушылық аз.

Бұл ретте, Ереймен тау ауданының әкімі Абай Әлжанов, Қарқаралының әкімі Ерлан Құсайындар нағыз үлгі алуға тұрарлық азаматтар екенін айтқым келеді.

Алдағы уақытта осы ведомстволық наградаларды реттейтін сараптамалық кеңес құрамыз.



Өкінішке қарай, темір түріндегі марапаттың көбейіп кеткені алаңдатады. Тек мемлекеттік наградалардың өзі 200-ден асады. Ал енді түрлі қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдар олардың сан түрін шығарып, таратып жатыр. Тіпті 50 мың тенге төлеуіңіз «Қазақстанның құрметті азаматы» деген орден де ала аласыз. Білім саласында түрлі онлайн байқаулардың жеңімпаздарын оңды-солды таратып жатқан медальдарда қисап жоқ

Ғылыми кеңесіміздің екінші отырысын ұйымдастырамыз. Әлеуметтік желі арқылы ауыл, аудан балаларына арналған онлайн байқау жариялап қойдық.

Оның басты мақсаты – мемлекеттік рәміздерімізді насихаттау. Осы мақсатта еліміздің белгілі ақындары жазған өлеңдерді 1 минуттық видеоға сыйғызып жолдайды. Ең үздік бейнероликтердің иелерін, қатысушыларын марапаттайтын боламыз. Неге ауыл, аудан десеңіз. Қаланың балалары рухани даму үшін барлық мүмкіндіктер жасалған. Өкінішке қарай ауыл жағдайын білесіздер.

Нағыз патриоттар сол ауылдан шығады. Сондықтан да «Балалар жылы» қарсаңында осындай шара ұйымдастырып отырмыз. Сонымен қатар 28 шілде күні Ұлттық академиялық кітапханада Еркебулан Қайназаров ақынмен бірлесіп, жастар арасында туңғыш рет мемлекеттік рәміздерді насихаттауға арналған айттыс өткізбекшіміз.

Сонымен қатар «Қазақ геральдикасы 2» кітабын және «Қазақ геральдикасы» атты ғылыми-танымдық журналын да шығару

ойымызда бар. Мұның барлығын жүзеге асыру үшін қоғам тарапынан қолдау керек.

– **Жасыратыны жоқ, ел-елде өздерінің руынан шыққан би-батырлардың аз-мүз еңбегін ұлықтап, ұлтқа зор қызмет еткен, бірақ географиясы келіспейтін тұлғаларымыз елеусіз қалып жатады. Осы бір келеңсіз үрдістен хабарыңыз бар ма?**

– Оныңыз рас. Қазіргі таңда елімізде түрлі рулық қорлар көбейіп кетті. Шежірешілер, тарихшылар көбейді. Әрқайсысы өзінің ата-бабасын ұлықтап, жоқтан бар жасап, кітаптар шығарып, конференциялар ұйымдастырып кетті.

Онысызда жүзге, руға бөлінетін «бөлінгіш» қазақ үшін бұл үрдіс қауіпті. Біртұтастықтың, ауызбіршіліктің жоқтығынан осыдан 300 жыл бұрын орыстың боданы боп қалғанымызда естен шығармау керек.

Ұлы Абай бабамыз заманында қақсап отырып, сипаттаған қазақтың қазіргі ғасырда өзгергені шамалы.

Сол атаққұмарлық, мансапқорлық пен жемқорлық, бөлінушілік, триализм ауруы асқынбааса азайған жоқ. Бір ғана ұлт бармыз. Ол қазақ. Ертең мен шетелге барсам мені Орта жүз «Кереі» демеіді.

Тек қазақ дейді. Бізде ұлттар мен ұлыстарды топтастыратын бұрынғы ұлттық идеология жоқ. Нәтижесін көріп отырмыз. Бізге жастардың санасына тек қазақ деген ұлт бар, оның тарихы сан мыңдаған ғасырларға жеткен батыр, дана халық деген ұғымды қалыптастыру керек. Бұл бір күннің жұмысы емес. Көп уақыт пен еңбек керек.

Әр азаматтың өз үлесі керек. Өкінішке қарай, қазірдің өзінде ұлтшыл қазақ, орысшыл қазақ сынды түрлі теңеулер тауып әлеуметтік желіде бір атаның балалары бірін-бірі ғайбаттап жатқаны өтірік емес. Сондықтан да біздің орталықтың басты мақсаты – ұлттар мен ұлыстарды біріктіру, бірыңғай тарихты мойындау мақсатында жұмыс істеп жатқан ғалымдарымызға көмек болу. Зерттеулер жүргізу, қоғам назарына ұсыну болып отыр.

– **Мұндай тұлғалардың еңбегін сұрыптап мемлекетіміздің дамуына үлесі мен еңбегінің дәрежесіне қарай бағалап, бір рудың ерес, ұлттың мақтанышына қалай айналдыра аламыз?**

– Тарихта танылған ұлт батырларын насихаттауымыз керек. Жұмабек Тәшеновтей аталарымыз нағыз отансүйгіштіктің үлгісі емес пе? Батырларымыз бен ақындарымыз, серітеріміз бен салдарымыз көп рухани бай еліміз.

Ендеше оларды әркім өз отбасында насихаттап, балаларының ұлтжанды азамат болып өсуіне атсалысу керек. Қазақтың тәрбиесі қашан да қателеспеген. Ұяты бар, иманды, ибалы, ержүрек ұрпақ тәрбиелеген.

Бабалар дәстүріндегі тәрбиенің үлгісі мемлекеттік идеологияның негізі бола алады. Осы мақсатта түгел қоғам болып жұмылып жұмыс істемесек, батыстың ықпалында, әлеуметтік желілердегі жеңіл желпі тик топкен тәрбиеленіп жатқан жастарымыздың бөлшеуі болуы бұлғыр болары сөзсіз.

Сөбебі елдің ертеңгі егесі осы жастар емес пе? Міне жастардың санасына ұлы тұлғаларымызды насихаттауымыз керек. Қолдарынан жетектеп музейге, кітапханаға апаруымыз керек. Бізді интернет тәрбиелесе, қазіргі жастарды интернет тәрбиелеуде.

Әрине қара бұлтты төндіре бермейік. Жастар арасында да ғылымға, білімге құштарлары баршылық.

Сондықтан да ұлы тұлғаларымызды жастарға насихаттау күн тәртібінен түспейтін басты мәселе екені хақ.

Сұхбаттасқан Айгүл УАЙС

№87 (4365) 26/07/2022 Сейсенбі

(Соғы. Басы газетіміздің №85 санында)

Құрманғали Баймұхамбетұлы Қосшұғылов 1878 жылы туған, жастайынан әке тәрбиесімен жан-жақты болып өскен. Ақмоладағы жергілікті медресені, семинарияны бітіріп, Санкт-Петербург технологиялық институтында оқып, жоғары білімді инженер-технолог, экономист атанған алғашқы қазақтың бірі. Қосшұғыловтардың сол кездегі кәсібінің озық дамуына, өрлеуіне негіз салған, сыртқы экономикалық байланысын жетілдіруге, өнеркәсіп саласын орнықтыруға, қаржы-банк жүйесін жүргізуге бастама жасап, іске асырудың бәрі алдымен Құрманғали есімімен тығыз байланысты. Сол кезде өз заманындағы Ресейдің, Еуропаның экономикасын көріп-біліп, оқып-тоқып келген Құрманғали Баймұхамбетұлы XX ғасырдың алғашқы жылдарынан-ақ әкесінің ісін жаңаша прогресшіл жолмен жалғастырғанын айтуға тиіспіз. Ресей патшалығы үкіметінің шешімімен берілген бар-жоғы екі дәрежелі гильдия атағының 1-іншісіне ие болуы да көзіқарақты Құрманғалидің білімі мен еңбегі деуіміз керек. Ол сонымен қатар Ақмола оязының (уезінің) мүшесі, Ресей патшалығының әскери-лауазымдық шенін иемденген. Әкесі Байкөптің атымен жалғасқан кәсіпті кеңейте отырып, Құрманғали Ресейден де әрі шығып, Батыс Еуропа елдеріне; оның ішінде Германия, Англия, Австрия сияқты мемлекеттермен сауда-экономикалық байланыс жасауға көшеді.

Құрманғали атымен айтылатын әңгімелерді естіп, көріп-білген көнекөздер де арамыздан азайып барады. Бірақ біз бұл арада соның ішінде ол туралы мына бір қысқаша мағлұматты бере кетсек те болады. Құрманғали Санкт-Петербургте оқып жүргенде, сол замандарда-ақ ел-елге енді ғана шығып, тарала бастаған кәдімгі автомобильдің алғашқы игерген қазақ деп те айтатын әңгімеге негіз бар. Ол сонда өзінің институттағы негізгі оқуымен бірге автомобиль жүргізудің оқуын қоса игере отырып, оны айдаудың жарыстарына қатысқан алғашқы спортшы да болған екен. Бірде алғашқы бір үлкен жарыста бірінші орын алып, сыйлыққа

ҚАЗАҚТЫҢ КАПИТАЛИСІ

АТАНҒАН БАЙМҰХАМБЕТ (БАЙКӨП) ҚОСШҰҒЫЛОВ АҚМОЛАНЫ ДАМУҒА ҮЛКЕН ҮЛЕС ҚОСҚАН



Құрманғали Қосшұғылов (екінші қатарда оңнан солға қарай төртінші отырған) кондитер фабрикасы қызметкерлерімен бірге. Ақмола қ. 1915 жыл.

құлар айтып кеткен болатын. Тіпті ол ол ма, Құрманғали енді өзімен әріптес, қалтасы қалың байлардың тапсырысы бойынша автомобиль саудасын жүргізіп, оны алғаш рет сатумен айналысқан. Ол алғашқы автомобильді Ақмоладағы фотограф К.Шаховқа, қала мәрі, көпес А.Кубринге сатқан. Ақмола туралы деректі кітаптарда К.Шаховпен А.Кубринді алғаш автомобиль міншілер деп көрсетсе, ал мұны оларға әкеліп сатқан Қ.Қосшұғылов екенін кім де болса білмеуі заңды.

Ол туралы ендігі бір маңызды дерек – автомобиль атаулының болашағын байқаған Құрманғали өз мүмкіндігін пайдаланып, үлкен бір жоспарды жүзеге асырмақшы болғаны. Бұл жоспар Ақмолада автомобиль зауытын салып, осындай темір көлік шығару болатын. Бұл жөнінде әлі нақты дерек жинақтауды қажет етеді. Бірақ та біздің сүйеніп айтармыз, оның туған кіші інісі, Баймұхамбеттің кенже ұлы Бекмұхамбеттің айтуына қарағанда, Құрманғали Германия

Ақмолада Құрманғалидің ұйымдастыруымен германиялық енді өзімен әріптес, «Саламандра», «Якорь» компанияларының өкілдіктері мен филиалдары жұмыс істеген. Қосшұғыловтар осы компаниялардың жұмысын қазақ даласында алғаш ұйымдастырушылар ретінде танылған. Қазақ даласына «Зингер» іс-тігін машиналарының, «Саламандраның» небір киімдерінің, «Якорьдің» де киімдері мен тұрмысқа қажетті сөмке-шабаданнан бастап небір тері-терсек бұйымдары тауарларының таралуына мұрындық болған.

Құрманғали Қосшұғылов Германиядан өзімен бірге зауыт пен автомобиль жасаудың бүге-шігесіне дейін қатталған жобасы мен барлық құжаттары бар үлкен каталогын және 4 неміс инженерін әкеліп, 1913 жылдың жазында құрылыс жұмысына кіріседі. Алайда бұл үлкен істің аяқсыз қалуына 1914 жылғы Германия мен Ресей арасында басталған, арты Бірінші дүниежүзілік соғысқа ұласқан халықаралық жағдайдың өршуі себеп болады. Содан кейінгі қоғамдық өмір де белгілі: 1918 жыл аралығына дейін созылған Бірінші дүниежүзілік соғыс,

сол екі ортадағы 1917 жылғы қазан төңкерісі, азамат соғысы, кеңес өкіметінің орнауы. Осы кезеңдерде қазан төңкерісінен кейін алғашқы жылдарда қазақ даласында Алашорда өкіметі орнаған кезде Қосшұғыловтардың ұлт мүддесі үшін құрылған оларды негізгі қаржыландырушы болғаны жөнінде де әңгімелер бар. Бұл орайда, Бекмұхамбет атамның айтуы бойынша, олар осы кезеңде қазақтың игі жақсылары Ә.Бөкейханұлы бастаған ұлтжанды тұлғаларымызбен байланыс жасаған. Соның ішінде Мағжан Жұмабаевпен кездескен, Ақмолада 1917 жылдың жазында облыстық қазақ съезін өткізуге көмек көрсетеді. Ақмола облысы атынан Мағжанмен бірге Құрманғали қайраткер әрі демеуші ретінде Мәскеуге Бүкілресейлік мұсылман съезіне делегат болып қатысқан.

Олардың өкілдері Ақмолага келіп, Құрманғали үйіне түсіп, сонда келелі мәслихат құратынын, заманауи мәселелерді сөз еткеннің куәсі болғанын да аталарымыз айтып отыратын. «Сонын бір шешімінде Қосшұғыловтар тарапынан тиісті қаржы, материалдық, басқа да көмек беріліп, бөлінгені өзін хаттап, шоттаған едім. Сәкен Сейфуллин Ақмолада тұрғанда нағашы деп біздің үйімізде жиі болатын. Сол кезде оқуды жаңа бітіріп, мұғалім болып жүрген

жас жігіт қоғамдағы өзгеріске белсене араласып еді. Өзім де мүше болған Ақмоладағы қазақ жастарының құрған «Тіршілік» ұйымына, сол атпен шыққан «Тіршілік» газетіне Құрманғали барынша қаржылай, материалдық қолдау көрсетіп еді» дейтін Бекмұхамбет атамның.

Кеңес өкіметінің орнауына байланысты бай, өнеркәсіп

кімен, үйімен қоса кәмпескеге іліктіріп, ашық қудалауға ұшыратады. Құрманғалидің өзіне бас бостандығын бергенмен, Ақмоладан кетуге мәжбүр етеді. Қалған ағайындары да тоз-тозын шығарып, біразын (інісі Бекмұхамбетті, Құрманғалидің баласы Хасенді) ұзақ жылға соттап та жібереді (Уәли, Мұхаметқали, Нұрмұхамед, Қадырқай тағдыры тіпті қиын, бәрі де сол кезеңде түрлі жағдайда өмірден өтеді). Содан Құрманғали 1928-1940 жылдар аралығында өз отбасымен ел жақта, атап айтқанда, атамекеңі Келтетал, Өркендеу, Бөгей бойындағы ағайындар ортасында, одан Жаңаарқада біраз болады. Қайда барса да қудалауды көреді. Одан соң Қарағанды жақта тұрады. Арасында елге жыл аралатып келіп отырған. Елге соңғы рет 1951 жылы отбасымен (қасында немерелері Рүстем мен Шыңғыс болған) келіп, жаз бойы біраз болып, енді алысқа оңтүстікке кетіп бара жатқанын айтып, қоштасып кетеді. Өйткені оның сол кездері Шымкент жаққа ауып кеткен қарындасы Райхан мен күйеу баласы Ғалидің қолына барып паналайды. Қайран жалған өмір оның дегеніне жеткізбеді.

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ даласының осындай бір белгілі де беймәлім тұлғасы, Ақмола оязының (уезінің) мүшесі

дүкен ұстаған, өнеркәсібінің әр саласына ие болып, олардың жұмысын жүргізіп отырған. Тек әлі үйленіп, отау көгермеген Қадырқай ғана кеңес өкіметінің қыспағына шыдай алмай, қарсыласып, жастай қазаға ұшыраған. Кейін бұлардың да тағдыры қудалауға ұшырап, тоз-тозы шығып, сотталғандары айдалып, қуғындалғандары белгісіз жаққа хабарсыз кеткендері де бар (Мұхаметқали мен Нұрмұхамбет отбасылары). Бертінде дейін өмір сүрген кенже ұл Бекмұхамбеттің де тағдыры өкінішпен өтті. Олардың әрқайсысының тағдырына тоқталу да біраз әңгімелеуді қажет етеді. Тек соның ішінде Уәлидің ғана ұрпағы бүгінде Астанада тұрып жатыр.

Енді осы орайда біздің ерекше тоқталатынымыз, Баймұхамбеттің кенже ұлы **Бекмұхамбет (Бике) Баймұхамбетұлы Қосшұғылов** туралы біраз сөз айта аламыз. Осынау әңгіменің негізгі желісі де, нақты дәлелдері де өздерінің басынан кешкен өмірлерінің толық куәсі болған Бике атамның айтқандарынан шығып отырғанын айта кетуіміз керек.

Бекмұхамбет Баймұхамбетұлы 1896 жылы Ақмола қаласында туған. Әкесінің көпейі, ағаларының ортасында ерке өскен ұл бола отырып, жергілікті



Б.Қосшұғылов (екінші қатарда солдан оңға қарай бесінші отырған, төртінші Құрманғали Қосшұғылов) өз компаниясының қызметкерлерімен бірге. Ақмола қ., 1913 ж.

иелері атаулының бәрі қуғындалып, ақыр аяғы оларды қырып-жойғанын да жақсы білеміз. Қосшұғыловтар әулеті де қуғындалып, олардың барлық мүлкі тәркіленіп, кеңес өкіметіне көшеді. Қосшұғыловтардың сонда барлық дүние-мүлкін, өнеркәсіп, сауда-саттық, басқа да орындарын санамағанда, банктегі қаржысын 1 миллион сомнан аса есептеп өткізгенін Бекмұхамбет атам айттып отыратын. Бірақ та қазан төңкерісінен кейін кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында Бүкілресейлік халық депутаттары кеңесінің төрағасы В.Лениннің кәсіпкерлерге, соның ішінде әсіресе өнеркәсіп иелеріне рақымшылық жасап, олардың әрі қарай жаңа қоғамға қызмет етуін көздеген арнайы декреттік шешіміне байланысты Қосшұғыловтарға бірден тиісе қоймаған. Енді олардың бәрі бұрынғы өздерінің меншікті қосшылар ретінде тапсырып, соған жұмыс істейді.

Қызыл империя бәрібір мұндай бұрынғы бай атаулының соңынан қалмай, атышулы кәмпескесімен түбін құртқаны белгілі. Солардың ішінде Қосшұғыловтарды да 1927 жылы қолдағы қалған бар дүние-мүл-

болған, Ресей патшалығының әскери-лауазымдық шенін алған 1-гильдия көпесі, меценат Құрманғали Баймұхамбетұлы 1954 жылы Шымкент қаласында қайтыс болады.

Құрманғалидің Хасен деген ұлы болған, ол да халық жауының, байдың баласы деген желеумен сотталып, бірнеше жыл айдауда болған. Түрмеден шығысымен-ақ өбден әлсіреп, ауру болып жеткен ол Ақмолага келісімен қайтыс болады. Одан туған Рүстем, Шыңғыс деген балалары кейін Қырғызстанда тұрып жатқаны туралы хабарлар келіп, сонау жетпісінші жылдардың басында туысқан бір ағамыздың арнайы іздеп барып, тауып келгені бар. Хасеннен туған тағы бір ұлы Найб бертін 2003 жылы осы Астана қаласында дүниеден өтті.

Жалпы Баймұхамбеттен 6 ұл, 1 қыз туған. Олар: үлкені жоғарыда біз атап өткен Құрманғали, одан кейінгілері Мұхаметқали (Мұкам), Уәли, Нұрмұхамбет (Нұрқай), Қадырқай, Бекмұхамбет (Бике), қызы Райхан. Әрине, кезінде Ақмолада Құрманғали, Мұхаметқали, Уәли, Нұрмұхамбеттің де бір-бір үлкен үйі болған. Әрқайсысы да бірнеше

медресе, гимназияда оқып, үздік тәмамдаған. Жастайынан өте зерек болған, бірнеше тілді; соның ішінде қазақшасынан басқа татарша, орысшаны былай қойғанда, араб, неміс, француз тілдерін еркін білетін. Бекмұхамбет 1914 жылы Мәскеудің политехникалық институтына (ағаш өңдеу өнеркәсібі саласы бойынша) түсіп, сонда оқыған. Өзінің айтуынша, әке дәулетінің арқасында тарықпай, ақшаны төгіп-шашып, князь, графтың балаларының ортасында емін-еркін жүрген. Өзіне арнайы алдыртқан күймесімен Мәскеу көшелерін қоңыраулатып жүретінін де күрсіне еске алатын. Ал оқуына да өте зеректік танытып, оқытушылардың көзіне түскен. Сонда жүріп орыс зиялыларының сол кездегі ақсүйектік тілі болған француз, неміс тілдерін меңгеріп, еркін сөйлеген. Институтты аяқтауға енді шамалы уақыт қалғанда, 1917 жылы қазан төңкерісі басталып, кеңес өкіметі келіп, аумалы-төкпелі заман орнаған кезде студент Бекмұхамбет те қудалауға түсіп, содан елге, Ақмолага қашып келеді. Мұнда ол ағаларының белелі арқасында алғашқы жылдары



Б.Қосшұғыловтың мұсылман жастарына арнап салдырған мектебі (ХХ ғ. аяғы-ХХ ғ. басы). Бүгінгі Абай-Ә.Мәмбетов көшелерінің қиылысында.

автомобильге ие болған десеңді. Жарысқа қатысу үшін өзі көп ақша тіккен дейді. Ол сол автомашинаны XX ғасырдың (шамамен 1905-07 жылдар) алғашқы жылында Ақмолада, тіпті қазақ даласында деуге болады, алғашқы әкеліп мінген қазақ екенін көзкөрген талай

үкіметімен, оның бір автомобиль жасау зауытымен (кейбір деректерде «Опель» компаниясы дейді) 1912-1913 жылдары Ақмолага осындай зауыт салу жөнінде келісімшарт жасасқан. Өйткені бұған дейін мұндай нақты мысалдар Ақмола төңірегінде болған. Мәселен, Атбасарда,

кеңес өкіметіне қызмет етеді. Білімді жігіт Ақмола совдепінде қызметкер болып біраз жыл жұмыс істейді. Мұнда ол С.Сейфуллин, А.Асылбеков, Ж.Нұркін, Б.Әділов, Б.Серікбаев, Ғ.Әубәкіров, Ф.Кривогуз, Н.Монин, З.Катченко және т. б. сияқты төңкеріс қайраткерлерімен бірге қызмет атқарады. Сол сияқты көптеген осындай қайраткерлердің қазақ, орыстың біразы кезінде Қосшұғылов компанияларында жұмыс істегенін де айтып отыратын. Алайда бай баласы болған соң, әрине, тағы қуғындалады.

жалғыз өзіңізге тұру қиын болады ғой деген ағайындарға бай атамның, Бикенің шаңырағын құлатпаймын деген сөзін естідік. Тағдыр оларға ұрпақ беруді жазбады. Өткен ғасырдың басында бүкіл қазақты байлығымен таңғалдырған бірі Байкөп, бірі Майкөп атап кеткен қазақтың бір әулетінің тарихы да Бике атамның бірге кетті. Ол 1981 жылы Қаражал қаласында дүниеден озды.

Қазақтың капиталісі атанған Баймұхамбет, Құрманғали Қосшұғыловтар жайлы айтар әңгіме жетерлік. Әрине, Бике

келгенде, ауылдағы жұрттың әбден арыған, жүдеу түрін көргенде қатты қайғырып: «Шіркін, жалған-ай, баяғы дәуренімнің кезінде осынау елімді, жұртымды көтерсем бе деп едім, ақшамды аямай төгем бе деп едім, бәріңді де жақсы өмірге жеткізсем бе деп едім, өттен, мына таршылық заманның басымдағы бақ-дәулетімді жұлып алғаны-ай» деген зарлы өкінішін сол кездері келіні ретінде қолынан талай дөм беріп, біраз бірге тұрған менің әжем, 2001 жылы 90-ға жақындап өмірден өткен Жаңылшақ Нұрмағамбетқызы да бізге әңгімелеп беріп отыратын.

Бүгінге дейін кешегі Ақмолада, қазіргі қазақтың астанасында Қосшұғыловтар жайлы естелік әңгімелерді бұрыннан келе жатқан қария тұрғындар жақсы біледі. Жоғарыда айтылған әңгімелердің бәрін де солардың аузынан естіп, жазып алған едік. Қала мұражайларында да олар туралы ел аузынан әңгіме, материал, фотосурет жинақталған. Кешегі өткен ғасырымыздың 1970 жылдарының ортасына дейін бәрі бұзылғанша Ақмолада «Байкөптің үйі», «Байкөптің атқорасы», «Байкөптің дүкені» деген атаулар ұмытылмай айтылып келді. Өткен, кезінде оның соңына түсетін ешкім де болмады, түсірмеді де. Осы кезеңдерде оның үйін бұзу кезінде жерге көмілген бір сандық банкілік таңбаланған кірпіштелген алтындардың шығуы, олардың Мәскеудегі орталыққа жөнелтілгені туралы, баяғы автомобиль зауыты жобалары жайлы және басқа да істердің тағдыры жөніндегі айтар әңгімелердің тақырыбы бір басқа.

Ал осы орайда ақмолалық ұлты басқа ағайындар, солармен қатар өмір сүрген, кезінде қала басшысы болған, 2-гильдия көпесі атанған М.Кубрин туралы, оның осы қалаға, елге тигізген еңбегі жөнінде бұрқыратып талай дүние жазды. Тіпті Ақмола астана болысымен-ақ оны көкке көтеріп, елорда ортасынан ойып тұрып Кубрин көшесі атауын да бергізді. Ал біз болсақ бүгінде болашақ астана үшін, қазақ халқы үшін қандай жақсылық істесем деп қиялмен емес, нақты

атамыздың, басқа да көзкөрген көне қарттарымыздың талай әңгімелері жалғыз мұнымен шектелмек емес. Қосшұғыловтар жайлы архивтік материалдарды қопарсақ әлі талай дүниенің табылатыны анық.

Бике атамның айтып отыратын еді, соны армандап та кетіп еді. Ол арманы ағасы Құрманғалидің Ақмоланы қазақтың ордасы



Сол жақтан бірінші тұрған Уәли және екінші отырған Мұхаметқали Қосшұғыловтар. Ақмола қ., 1915 ж.

Қосшұғыловтарды, негізінен, 1927 жылғы көмпескеден кейін қатты қуғындалғанын жоғарыда айтып өттік. Ал солардың ішінде Бекмұхамбет 1928 жылы бай тұқымы деп, тағы басқа себепсіз жаламен 25 жылға айдалып кете барған. Ол атақты Қолыма лагері түрмесінде жан азабын тартады. Тек өзінің білімінің, бірнеше тілдерді еркін меңгеріп, жаза білуінің арқасында түрме кеңсесінде іс жүргізуші (писарь), аудармашы болып жаны аман қалады. Түрме басшыларымен тіл табысып, әйтеуір одан 18 жылдан соң, 1946 жылы аман-есен елге оралады. Ақмолаға келгенмен, НКВД-ның үнемі алдуында, қуғын көруінде болады. Ақыры олар күн көрсетпеген соң ел жаққа жылжып, ауылдағы ағайындар ортасына барып паналайды. Оның қалған өмірі бастапқыда Жаңаарқа өңіріндегі әлі көшіп-қонып жүрген ауылдарда, кейін Қаражал қаласында өтті. Патша дәуірінде алған білімін халқына бере алмады. Әрине, бүкіл ғұмырын тас-талқан еткен кеңес заманының кесірінен мүгедек болса да, өле-өлгенше ел арасында сыйлы да текті қалпынан айныған жоқ. Бике ата дүниеден озғанша бес уақыт намазын қаза қылмай, тек имандылық пен тазалықты, адалдық пен қанағатшылықты, өмірге шүкіршілік пен тәубашылықты ғана мұрат тұтты. Өте принципшіл, әділ болатын. Қасында өмірлік жары болған Люба апамызды түрмеден келе жатқанда жолда кездестіріп, немісше сөйлесе келе тіл табысып, елге бірге ала келеді. Өмірінің соңына дейін Бике атаның қас-қабағына қарап, өмірлік жары бола білген Любовь Карловна Қосшұғылова мұсылмандық парызын қаза қылмай ұстай білді, қазақтың тілі мен салт-дәстүрін берік сақтады. Бике атамның қайтыс болғаннан кейін

етсем, анау Петербург, Мәскеу, Еуропаның қалалары сияқты болашақта ұлтымның өнер-кәсіптік-рухани көркейген орталығына айналдырсақ деген сөзін әрдайым еске алатын. Ол сөзге мән бермей, онша түсінбейтінбіз. Иә, олардың Ақмоланы да, елді де замана талабына сай дамытуға деген жоспары көп еді дейтін. Өттен, сорлы қазақтың басына жазған өмір-бақи бақ-дәулет тұрған ба, бәрі де қу жалғанның, сұм заманның құрдымына кетіп тынды.

Көмпескеден кейін 1929 жылдары Құрманғалидің отбасымен елге ағайындар арасына

ісімен еңбек еткен Қосшұғыловтар жайлы әлі мардымды ештеңе айта алған емеспіз. Олардың еңбегінен қалған дүниелерді өзіміз құрттық. Бүгінде олардың сарғайған фотосуретінен басқа атап көрсетерлік із де қалған жоқ. Қанша десек те тек байлығымен ғана емес, елін әлеуметтік-экономикалық нақты ісімен көркейтті, көтеремін деген мақсатпен еңбек еткен прогресшіл Қосшұғыловтар туралы әңгіме әлі жалғасын таба береді деп сенеміз.

Ерлан КҮЗЕКБАЙ,
журналист

БИ ӨНЕРІНІҢ ПАДИШАСЫ

Би өнерінің іргетасын қалап, киелі дүниенің сырын ашқан белгілі биші, педагог, Қазақстанның халық әртісі Шара Жиенқұлованың туғанына биыл 110 жыл болса, өмірден өткеніне 30 жылдан асып барады. Шын шебердің есімі әлі де халық жадында.



Гүлбаршын
ӨКЕШҚЫЗЫ

«Би өнерінің падишасы» атанған Шара Жиенқұлованың атында елордада көше бар. Оның бұрынғы атауы – Д.Фурманов көшесі. Бас қаладағы бұл көше И.Панфилов пен М.Лермонтов көшелерінің қиылысқан жерінен басталып, Б.Бейсекбаев көшесінде аяқталады.

Қазақ халық биінің зерттеушісі, жинаушысы, дарынды мұрагері әрі ұлы жаңғыртушысы Шара Баймолдақызының азан шақырып қойған есімі – Гүлшара. 1912 жылы 18 тамызда Алматы қаласында отбасындағы он төртінші перзент болып дүниеге келген қыз бала орыс мектебінде білім алып, сонда жүріп би өнерімен танысады. Алғаш рет сахнаға жайлауда он үш жасында шыққан ол қазақ-қырғыз тойында жиналғандарды өнерімен тәнті еткен еді.

Әуен мен ырғаққа үйлесе қозғалу екінің бірінің қолынан келе бермейтіні белгілі. Ал кішкентайынан домбыра мен сырнай тартылса, соған ілесіп мың бұрала билей жөнелетін Шараның келешегінен зор үміт күткен көпшілік «Баймолданың қызы биші болайын деп тұр» деп таңдай қағысады екен. Талантты жастың кәсіби бишілік жолы 1928 жылы актер, режиссер Құрманбек Жандарбековке тұрмысқа шыққаннан кейін басталады. Сол тұста театр тарландары Қалибек Қуанышбаев, Елубай Әмірзақов, Серке Қожамқұлов және арқалы ақын Иса Байзақовпен қоян-қолтық араласа бастайды. Сөйте жүріп, М.Әуезов атындағы Қазақ драма театрында Б.Майлиннің «Майдан» пьесасындағы Пүліштің, «Шұға» спектаклінде Шұғаның, кейін М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек», «Қарагөзінде» басты рөлді сомдайды.

«Айман-Шолпан» спектаклінде «Келіншек» деген қазақтың ұлттық биін тұңғыш рет сахнаға алып шыққаны әрі бұл биді өзі ойлап тауып, оны өзі орындағаны дүйім жұртқа жақсы мәлім. Бұл қазақ хореографиясының бастамасы болатын.

Сонау бір жылы Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігі «Қыз Жібек» операсымен ашылып, ол жерде Шара Жиенқұлова жеке дара биледі. Үлкен театрдағы қорытынды концертте атақты Тәттімбеттің

күйлерін жеке хореографиялық интерпретациялаумен өнер көрсетті. Осылайша мәскеулік көрерменнің де сүйікті әртісіне айналған биші туралы орталық газеттер жарыса мақала жазды.

Кейін Е.Брусиловскийдің «Жалбыр» және «Ер Тарғын» операларында ұлттық биді билейді. 1938 жылы Ш.Жиенқұлова қазақтың тұңғыш ұлттық балеті «Қалқаман-Мамырда» Мамырдың партиясын орындайды. Сол жылы Ленинградта қазақтың тұңғыш ұлттық көркем фильмі – «Амангелді» түсіріліп, Шараны Амангелдінің әйелі – Балымның рөліне шақырады. Бұл ұсынысты құрметпен қабылдаған актриса осы жерде Қазақ КСР халық әртісі құрметті атағын алады. Бишінің өнеріне тамсанған суретші Гүлфайрус Исмаилова 29 жасында «Қазақ вальс» картинасын салса, «Қыз Жібек» балеті үшін оған Мемлекеттік сыйлық беріледі. Сәкен Сейфуллин бишінің сахнадағы шеберлігіне, оның жалт-жұлт еткен отты жанарының көрермен көңіліне сәуле түсіретін әсеріне таңғалып, актрисаның сұлулығына мейірлене «Сыр сандық» өлеңін шығарған деседі.

Қазақ филармониясында жұмыс істеп, көп ұзамай Қазақ КСР ән-би ансамбліне жетекшілік етеді. Алматы хореография училищесінің директоры болған жылдары ұлттық би өнерін дамыту үшін ел аралап, халықтың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, халық биін зерттеп, нәтижесінде «Тәттімбет», «Айжан қыз», «Қара жорға», «Қырық қыз» билері дүниеге келеді.

Училище түлектерінен құрылған «Алматының жас балеті» көп ұзамай «Мемлекеттік классикалық би ансамблі» деген атаққа ие болды. Рамазан Бапов, Болат Аюханов, Раушан Байсейітова, Гүлжан Талпақова, Ботагөз Байжұманова, Ғалия Тоқтарбаева сынды бір топ дарын иелері – Шара апаларының соңынан ерген ізбасарлары, би өнерін шыңға шығарған шеберлер.

Кезінде ұлы жазушымыз Ғабит Мүсірепов: «Жан тебіренге, терен сезімге бөлейтін келісті өрнек Шараның бойынан айқын сезіледі. Сахнаның еркесі де, сәні де Шара! Оның сезім сергітетін шыншыл өнері мен қайталанбас қолтаңбасы мейлінше жарқырап көрінді. Бұл – дарын иесінің туған халқына қызмет етуінің тамаша үлгісі» деп жазса, өзінен дәріс алған шәкірті Сара Мамытова ұс-

тазын былай деп еске алады: «Шара – табиғи дарын. Ол ән айта жүріп би билейтін. Әр биге арнайы костюмі болушы еді, қырғыздың «Перизат-ой» әнін айтса кәдімгі қырғыз қызы айтқандай, «Бүркітші» биін билесе, қолына бүркіт ұстап, тымақ, шапанын киіп ерлерше билейтін. Оған Құдайдың берген қасиеті осындай еді».

Шара Жиенқұлованың тәлімгері, театрдың тәжірибелі балетмейстері Александр Александров әрдайым биде ұлттық мінез болуы қажет екенін айтып отыратын. Екеуі бірлесіп «Тәттімбет» биін дүниеге әкелді.

Шара Баймолдақызы – Польша, Чехословакия, Біріккен Араб Әмірлігі, Қытай, Франция, Италия, Моңғолия, Үндістан, Иран, Сирия, Ливан сияқты алыс елдерде қазақтың ұлттық би өнерін насихаттай жүріп, сол елдің ұлттық би үлгілерін жерлеріне жеткізе білген хас шебер. Ұлы Отан соғысы жылдары Қазақстанға жіберілген өнер қайраткері Галина Улановадан бірнеше би үйреніп, өз репертуарына қосты. Сондай-ақ Тамара ханум, Махмуд Әсенбаевпен бірге шығармашылық байланыста болып, би сырына қанықты.

Белгілі биші 1945-1961 жылға дейін Қазақтың Жамбыл атындағы мемлекеттік филармониясында, 1961-1965 жылдары «Қазақконцерт» бірлестігінде концерттік бригадаммен өнер көрсетті. Жасы елуге келген шағында сахна өнерін қойып, ұстаздық қызметке ауысады. 1965-1975 жылдары Алматы хореография училищесінде басшылық қызмет атқара жүріп, шәкірт тәрбиесіне ерекше назар аударса, 1968 жылы «Қыз Жібек» спектаклінің балеттік қойылымын жасап, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, хореография өнеріндегі сіңірген еңбегі үшін «Еңбек Қызыл ту» және «Құрмет белгісі» орденімен марапатталады.

«Қазақ билері» және «Би құпиясы» кітаптарының авторы 1991 жылы 21 мамырда Алматыда 78 жасында өмірден өтті.

Елордадағы Шара Жиенқұлова көшесі Күлтегін, Абыралы, Л.Толстой қысқа көшелерімен қиылысады және Ә.Сембинов көшесін қиып өтеді. Ұзындығы – 1727,7 м. Алдағы уақытта осы көшенің бойына бишінің еңселі ескерткіші орнатылса нұр үстіне нұр болар еді.



АЛАЯҚТАР АЛШАҢДАП БАРАДЫ

Таңатар
ТӨЛЕУҒАЛИЕВ

ҚАШЫҚТАН ҰРЛАЙТЫН СҰҒАНАҚТАР

Дегенмен, жаңағы жазықты келіншек соңғы сөзінде «жалғыз мен емес, мұндай іспен айналысып жүргендер толып жатыр. Осындай іс істеуге бізді адамдардың өздері мәжбүрлейді. «Банкіде, әкімдікте танысың бар ма? Көмектесе көріңізші, еңбегіңізді жемеймін» деп жатып келіп жалынады. Жақсы, қолымнан келгенімше көмектесейін десем, тағы бірнеше адамды ертіп келеді. Не деген, аңқау, аңғал, надан жандар екенін білмеймін. Айтқан сөзге сене беретін...» деп өзін-өзі ақтағандай болған.

Расында да неге адамдар болмайтын нәрсеге сеніп қалады? Банкінің мөлшерлемесін төмендететіндей ол кім? Немесе тіпті әкімдікте жұмыс істесе де кезектен тыс ұй алып беретіндей еш адамның мүмкіндігі болмайтынын қалай түсінбейді?

Міне, осындай сенгіштіктің, ашықауыздықтың кесірінен елімізде алаяқтық әрекеттер жауыннан кейінгі саңырауқұлақтай қаптап барады. Полиция олармен күресудей-ақ күресіп жатыр. Алайда, иенің көзінен өтердей жылпостардың белсенділігі одан сайын артып отыр.

Бұл да ұрық. Олай болса, ешқашан ұрылар қол қусырып отырмайды. Өздерінің шеберліктерін жетілдіре түседі. Әңгіме олардың IT-технологияны меңгергендінде емес, бұрыннан мәлім классикалық әдістерді де өңін айналдырып, қайтадан пайдасына асырып жүргендігінде. Немесе өткен ғасырдағы адамдарды тақыршаққа отырғызу да мықты нәтиже берген тәсілдерді де қайтадан қолданып, көпшілікті сан соқтырып кетіп жатыр. Мысал керек пе? Жетіп артылады.

Әуелі жаңа технологияны меңгеруіне келейік. Сіз үйде қаннен-қаперсіз өз шаруаңызды істеп, алаңсыз жүрсіз. Осы кезде сіздің есепшотыңызда ақшаны біреулер емін-еркін жымқырып жатады. Қалай дейсіз бе? Сіздің смартфонңызда ақылы жазылым деген қосымша бар. Соны бір рет те болса, пайдалансаңыз, немесе сізге бейтаныс біреу бейнеқоңырау арқылы хабарласып, екі секунд жүзінді түсіріп алса, болды, алаяқтардың құрбаны болуыңыз әбден мүмкін.

Сондықтан «Microsoft-ті» өндіріс бойынша бағдарламалық қамтамасыз ету жөніндегі ірі транслаттық компаниясы пайдаланушыларды басы артық мобильдік өнімдерді ұсынушылардан өте сақ болу керектігін қатаң ескертеді. Смартфондардағы олар тықпалайтын зиянды қосымшалар

Нұр-Сұлтан қаласының соты «ұй алып беремін, банкіде таныстарым бар, пайызы төмен несие алып беремін» деп жиырманың үстінде адамды алдаған алаяқ әйелдің ісін қарап, оған істеген қылмысына сәйкес үкім шығарып, бас бостандығынан айырды. Бұған таңдануға болмас еді. Қазір ел ішінде алдау, арбау дегеннен халық көз ашпайтын жағдайға жетті.

«Android» жүйесінде астыртын ақылы қызметтерді қосып жіберуге өте бейім келетін көрінеді. Мейлі, Wi-Fi қолжетімді болғанын өзінде олар мобильді интернетке тез қосылады. Айта берсе, бұл жерде құйтұрқылық көп.

Мұндай шабуылға әсіресе, смартфонның қыры мен сырын жете біліңіремейтін пайдаланушы немесе балалар көбірек ұшырайды екен.

СЕНІМГЕ КІРІП, САН СОҚТЫРАДЫ

Алаяқтар – нағыз құдайдан безгендер болып келеді. Обал-сауап, аяушылық оларда мүлде болмайтын көрінеді. Сондықтан олар өздерінің құрбандығына көбіне жасы келген кәрі адамдар мен әлі оңы мен солын танып үлгімеген жеткіншектерді, жас балаларды таңдайды екен.

Мәселен, өткен айда Нұр-Сұлтан қаласының 80 жастағы зейнеткерін бір алаяқ әйел бүкіл жиған-тергені мен жалғыз баспанасынан айырған. Полиция қызметкері ретінде қоңырау шалған ол «сіздің есепшотыңыздағы ақшаға біреулер ипотека рәсімдеп жатыр» деп сендірген. Тіпті телефондағы бейнескафты қосып, өзінің капитан шеніндегі полиция формасын да көрсетіп қойған.

«Беті-жүзін дұрыс көрсетпеген полиция киімін киген әйел адам «сіз жақында банкіден ипотека алдыңыз ба?» деп сұрады. «Жоқ, дедім мен. Ондайды білмеймін, жеке үйім бар маған ипотека не керек?» деп таң қалдым. Ол әйел бастырмалата сөйлеп: «Онда тез банкке келіңіз» деді.

Мен жиналып, банкке бардым. Сол кезде оның телефоны үнемі қосылы болды. Мен банкке жақындағанда «Қазір сізбен Олег деген бір адам хабарласады. Сол сізге барлық жағдайды түсіндіреді» деді. Сол сәтте ер адам қоңырау шалып, өзінің полиция қызметкері екенін айтып, телефонды екінші қолымен ұстап берді. Ол өзін маған «қаржы полициясы қызметкерімін, сіздің депозиттегі ақшаңызға қауіп төніп тұр. Соны мен сізге қазір қауіпсіз жерге қалай ауыстыру керек екенін айтамын» деді.

Қаскөйлер есі шығып сеніп қалған қарияның депозитінен

он миллион теңгені алдырып, екінші бір есепшотқа аударған. Мұнымен де тоқтамай, сіздің үйіңізді алаяқтар сатуға шығарып қойды» деп қорқытып, «тез сатуға шығармасаңыз, үйіңізден айырылып қаласыз» деп басына қара аспанды төндірген. Сөйтіп, 80-нен асқан қария не істерін білмей дағдарып, басы қатып, 85 шаршы метр үйін ауласындағы бау-бақшасымен бірге 13 миллион теңгеге алаяқтарға сатып жіберіп, өзі көшеде қалып қойған.

Тағы бір назар аударарлығы, бұл жерде алдау-арбау көз байлау (типноз) арқылы жасалуы да мүмкін. Өйткені сол сәтте зұлымдар шетелден хабарласып, ізін жасырып үлгерген.

«Жедел жәрдем» қызметінде жұмыс істейтін отыз бес жас шамасындағы жігіттің шақыртумен барған өзінің пациенттің тақыршаққа отырғызып кеткені жақында әлеуметтік желіде қызу талқыға түсті.

Сөйтсе, сырқаттанып қалған келіншекке өзінше қамқорлық көрсеткен болып, сеніміне кіріп алғасын, бір-екі аптадан кейін хабарсыз кеткен ғой. Содан «бұған ақша қажет болып тұр. Бір-екі аптаның ішінде қайтарамын» деп өп-өтірік дәріменсіздік тағытады. Сөйтіп, жүрегі жылып қалған әйел өз атына бір миллион теңгеге ипотека алып, жігіттің қолына ұстатады. Сонымен «іс бітті, кү кетті». Тіпті оған заң да ештеңе жасай алмайды екен. Өйткені банкіден сіз ақшаны өз атыңызға рәсімдеп, өзіңіз қол қойып алып тұрсыз.

ТОСҚАУЫЛ ҚАШАН ҚОЙЫЛАДЫ?

Жұрттың үстінен күн көруші қаскөйлердің алшаңдағаны сонша, бұрынғы тоқсаныншы жылдары талайларды зар илеткен ескі әдісті сәл өңін айналдырып, қолдана бастапты.

Бұл әдіс «иесіз әмиян» деп аталады екен. Елордалық қриминалдық полицияның мәліметі бойынша, осы қылмысқа өткен айда Нұр-Сұлтан қаласында се-

гіз адам тап болыпты. Барлығы түптеп келгенде алты миллион теңге қаражатты сұғанақтардың қалтасына салып берген.

Олар әсіресе, банкіден қомақты қаражат алған қыздар мен әйел адамдарды бағып, бақылап жүріп, оңтайлы сәтте алдарына ақша толы әмиянды тастай салады екен де, оны екінші біреуі қатар келе жатып, тауып алған болып, «бөлсеік» дейді екен. Әйел адамның психологиясын жақсы білетін жылпостар бөлісуге ыңғайланып сыбайласы ақшаны санап бастағанда, жаңағы «ақшаны жоғалтқан адам» өп-өтірік әртіс бола қалып жылап еңіреп, «әмиянымды қайтарыңдаршы» деп жалынады. Әмиянын қайтарасыз. Ол «ішінде ақшам жетпейді» деп тағы зар еңірейді. Сіз «мынау менің банкіден жаңа ғана алып шыққан өз ақшам» деп ақталасыз.

Міне, сол кезде ол сіздің ақшаңызды санаған болып қолының ептілігінің арқасында «ақшаны сындырып жібереді». «Бәрі дұрыс екен, кешіріңіз, рақмет» деп ақшаңызды қайтарып берген кезде 400-500 теңгесін байқатпай қыстырып қалады.

Міне, кейінгі кезде осындайлар көбейіп барады. Оған бір тоқсауыл бола ма?

Біз осы сұрақты Нұр-Сұлтан қаласы Полиция департаменті ішкі істер бөлімінің тергеушісі Динара Асылхановаға қойдық.

– Жасыратыны жоқ, адамдар аңғал, аңқау, құқықтық жағынан сауатсыз. Алаяқтар осы жағдайды көбірек пайдаланады. Біз осы бағытта жоспарлы да кешенді жұмыстар жүргізіп жатырмыз. Жыл басынан бері қриминалды полиция қызметкерлері осындай он екі қылмыстың жолын кесіп, жәбірленушілердің жиырма сегіз миллионға тарта ақшаларын қайтарып берді. Дегенмен, бұл кеңсіздік азаймай отыр. Тіпті жылдан-жылға көбейіп бара жатқаны да байқалады. Сондықтан адамдарға айтарымыз: адам өз бойындағы қырағылықпен байқампаздықты күшейтіп, әр істің қисынын түсіне білсе дейміз. Сосын интернет алаяқтардан сақ болудың қарапайым қауіпсіздік шараларын сақтап, дербес деректерді, пластикалық карталардың мәліметтерін, кодтарды және құпия сөздерді ешкімге хабарламауы, белгісіз әрі тексерілмеген сайттар арқылы алдын ала төлем жүргізбеуі керек. Бұған қоса, күмәнді мәмілелер бойынша ақша аударымдарын жүзеге асырмаса, ұялы телефон мен компьютерге белгісіз қосымшаларды орнатпай, кез келген сілтемеге абай болып, спам хабарламаларды бірден жойып отырғаны жөн. Ешқашан «сақтансаң, сақтарым» деген қағиданы естен шығармасақ екен деймін» деді ол.

ПИРАМИДА ҚҰРҒАНДАР ҚҰРЫҚТАЛДЫ

Елордада «Eden Life» қаржы пирамидасын құру және басқару фактісі бойынша қылмыстық іс тергеліп жатыр, деп хабарлады Elorda.info. Қаржылық мониторинг агенттігіне сілтеме жасап.



Тергеу органы қаланың сенгіш тұрғындарымен түрлі сипаттағы инвестициялық бағдарлама келісімдерін жасап, ойдан шығарылған инвестициялық жобаларға қаражат салуды ұсынған тұлғаларды анықтады. Бұл ұйым өзін портфельдік инвестиция және қаржылық кеңес ұсынатын халықаралық қаржылық және аналитикалық компания ретінде көрсетеді, – деп жазылған хабарламада.

Агенттіктің Нұр-Сұлтан қаласындағы департаменті аса ірі көлемде ақша немесе өзге де мүлікке қатысты қаржы басқару фактісі бойынша қылмыстық істі тергеп жатыр. Қылмыстық-процесстік кодекстің 201-бабының талаптарына сәйкес басқа деректер тергеу мүддесі аясында жарияланбайды. Қаржылық мониторинг агенттігі азаматтарды қырағы болуға және «Youtube» хостингіндегі «Eden Life» жарнамасына алданып, жинақтарын күмәнді қаржы институттарына салмауға шақырады.

ЖҮРГІЗУШІЛЕРГЕ АЙЫППҰЛ ТӨЛЕУ ЖЕҢІЛДЕМЕЙДІ

Ішкі істер министрлігі бір жылда бестен көп ереже бұзған еліміздегі жүргізушілерге жол қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін 50 пайыздық жеңілдікпен айыппұл төлеуге тыйым салуды жоспарлап отыр. Бұл тәрала Әкімшілік полиция комитеті төрағасының орынбасары Жандос Мұраталиев мәлім етті, деп хабарлады Elorda.info.



Айта кетейік, елімізде 2015 жылдан бастап айыппұл төлеуге 50 пайыздық жеңілдік енгізілген. Жеңілдік бейнебақылау камералары түсірген заңбұзушыларға қолданылмаған болатын. «Қазір Ішкі істер министрлігі жол қозғалысы ережесін бұзғаны үшін бір жыл ішінде бестен аса әкімшілік құқықбұзушылық жасаған тұлғаларға 50 пайыздық жеңілдікпен айыппұл төлеу мүмкіндігін алып тастауға түзетулер енгізіп жатыр», – деді Ж. Мұраталиев Ішкі істер министрлігінде өткен брифингте.

АРТ-ТЕРАПИЯ СТУДИЯСЫ АШЫЛДЫ

Елордадағы №10 емханада арт-терапия студиясы пайда болды. Мұнда дәрігер Бақтыбек Талқамбаевтың «12 сиқырлы шаршы» әдістемесі бойынша дәрістер өткізіледі.



Студияда өтетін сабаққа қатысу үшін тіркелудің қажеті жоқ, кез келген пациент үшін есік ашық. Ол жалпы орта медицина дәрігері мен арт-терапевт Айдын Бекзаттың басшылығымен әр бейсенбі күні сағат 16:00-ден 18:00-ге дейін жұмыс істейді. Маманның дәрістері және оның тиімділігі ЮНЕСКО көлемінде расталған.

«12 сиқырлы шаршы» әдістемесі еркін ойлауды дамыту арқылы балалар мен ересектердің дамуына бағытталған. Суреттер арқылы ішкі ойлау жүйесін сезіне отырып, әркім өзінің проблемаларын біле алады. Сол сияқты белгілі бір сәттіліктен өтіп, қиын жағдайды өз бетінше жеңе алатын жағдайлар жасалады. Нәтижесінде барлығы психоэмоционалды және физикалық денсаулық деңгейін жақсартады. Трансформация өмірдің барлық салаларында 180 градусқа дейін жүреді.

Жалпы, маманның айтуынша 99 күн ішінде 12 квадратпен парақтарды толтыру маңызды. Күн сайын бір парақтан сурет салған жөн, бірақ іс жүзінде әркім мүмкіндігінше сурет салады. Олар жан дүниесі тыныштық тапқан сәтте тоқтайды, тыныштық пен тепе-теңдік сезімі пайда болады. Сурет

неғұрлым ұсақ болса, проблемалар соғұрлым жақсырақ пысықталады және өмір формуласы соғұрлым жақсы өзгереді екен. Бұл әдіс шығармашылық ойлауды, қиялды, шығармашылық дамытуға, сондай-ақ эмоционалдық стресті, алаңдаушылықты, қорқынышты жеңілдету мен адамның өзіне-өзі бағалауын қалыптастыруға, өзіне деген сенімділікті арттыруға мүмкіндік береді.

Баян АСЫЛБЕКОВА

БАЛАЛЫҚ ШАҚ – БІР ДӘУРЕН

Алдымда өткен ғасырдың бел ортасында бір топ оқушылардың ұстаздарымен түскен сарғайған сурет жатыр. Биылғы жылды ел Президенті «Балалар жылы» деп жариялады.

Қазір ел ақсақалы ретінде бүгінгі немерелеріміз бен шөберелеріміз қандай жағдайда өсіп жетіліп келе жатқанын көріп отырмыз. Біріншіден, егеменді елдің балалары, екіншіден, олардың оқып жетілуіне барлық жағдай жасалған. Мектепте оқып қана қоймай, сыныптан тыс әртүрлі үйірмелерде, спорттық нысандарда қосымша өздерін жетілдіруге барлық мүмкіншілік бар. Осы жас ұрпақ ата – әжелері бала кезінде қандай жағдайда болды, білімді қалай алды, азамат болып қалай қалыптасты деген ниетпен бір фото арқылы сол кездегі балалардың өсіп жетілуін баяндайын деген ойға келдім. Сурет менің жеке мұрағатымнан алынды. Суретте 1935-1945 жыл аралығында дүниеге келген балалар. Негізінен мұнда ұлт жағынан қазақ пен татар балалары. Бұл балалар кішкентай болса да, 37-жылдың зобалаңын көріп, жақын адамдарын халық жауы деген желеумен ит жеккенге жібергендердің куәгерлері, одан фин және екінші дүниежүзілік соғыстың зардаптарын сезінді. Соғыс кезінде көпшілігі аш құрсақ болып, бір үзім нанға зәру болып өсті. Одан ес білгеннен бастап күні-түні ауыр жұмыста жүрген ата-аналарына көмекші болуға тырысты. Ең кішкентайларының өзі үйде бұзау, құстарды бағып қауға жарап қалды. Кішкене есейгендері ұжымшарда масақ теріп, қозы, лақ, бұзауларды бағуға қолғабыстарын тигізіп жатты, өйткені жұмысшы күші жетпейтін, еңбекшілердің басым көпшілігі майданға аттанды. Елде қарттар, мүгедектер, әйелдер мен балалар қалды.

Ал, енді суреттегі жерлерімізге көшетін болсам, олар 60-70 отбасы бар шағын Амангелді ауылында ашылғанына екі-үш жыл ғана болған жеті жылдық

мектеп оқушылары. Мектеп – соғыс кезінде сау қарағайлардың бөренелерінен ұжымшар басқармасы Құлмағамбетов Бәуке салғызған жиырма шақты бөлмесі бар үлкен ғимараттың бір бөлігі. Бұл ғимаратты қандай қиындықпен соғысқа бармай қалған ақсақалдар мен жаңа жетіліп келе жатқан жас жігіттер мен қыздар салғанын бала болсам да өз көзіммен көріп жүрдім. Бір ғана мысал, тақтайды ұзын арамен біреуі шұңқырдың астында тұрып, біреуі үстінде тұрып қолмен тілетін. Өте ауыр жұмыс. Ол кісіні халық жауы – деп жаламен отырғызып қойғаннан кейін одан кейінгі басқармалар аяғына дейін апармай, шатырсыз болғаннан, жауын шашынның салдарынан, мезгілінен бұрын істен шығып, жарамсыз болып қалды. Соғыстың ауыр жылдарында аса ауыр уақытта салғызған ғимарат күтіп ұстағанда, осы күнге дейін ескінің көзі болып тұратын еді. Ал, сыныптарымыз бүгінгі сыныптармен салыстырғанда екі-үш есе кіші болатын жеті-сегіз парталар ғана сыйып тұратын. Бөлмелерді пешпен жылытатын, электр жарығы жоқ, май шаммен оқитынбыз. Оқу-құралдарымыз да жұпыны болатын. Әлі есімде бірінші сыныпқа барғанда анам алашаның қиындысынан сөмке жасап берген қолдан сия жасап, дәуітке құйып, қаламсапты батырып сонымен жазатынбыз. Дәптер өте аз, жетпейтін, кейде газет қиындыларына жазатынбыз.

Ал фотодағы оқушылар – бүгінгі орта жасқа келген азаматтардың ата-анасы, олардың балаларының ата-әжесі. Олардың көпшілігі о дүниелік болды. Суретке қарап, бүгінгі немере-шөберелері ата-әжелерін еске түсіріп, қалай оқушы болғандарынан мәлімет алар. Сондықтан кішкене шолу жасап өтейін.

Бірінші қатарда солдан оңға қарай Нәжіп – татар баласы, еліне кеткен, хабар жоқ. Екінші Зұлқарнай – ұлты татар марқұм. Үшінші тізерлеп отырған мен (мақала иесі) Еркін, жанымдағы Зұлқарнай менен төрт – бес жас үлкен, менімен бір сыныпта оқыды. Соғыс кезінде оқи алмай қалған балалар мектепке кеш, есейген соң барды. Екінші қатарда Ахат, Шәкіржан, Мензаит Юсупов, мұғалімдер Зинаида Александровна, Қанай Сәліпов, Шайхеслям. Үшінші қатарда Индус, Жәмила, Майраш, Мүгүлсім, Сәймә, Раузан, Бағила. Төртінші қатарда Есқай мен Құандық. Ол кезде мектеп формасы деген жоқ, кімде не бар соны киіп мектепке келетін. Жоғары және орта оқу орындарына түсетіндер өте аз болатын. Ессылардың ішінде Құандық Әшімов пединститутта оқыды, Есқай Мұхтаров басқару қызметінің курстарын бітірді. Жоғары білім алған мен ғана. Ұл балалардың біразы шофер, тракторист болды. Қыз балалардың көпшілігі әртүрлі жұмыста немесе балаларын өсіріп үй шаруасымен айналысты. Қазір мектеп бітіргендердің басым көпшілігі жоғары білім алуға тырысады. Кейбіреулерінде екі-үш дипломнан бар. Көбі заңгер, экономист, программист т.б. болып жатыр. Оқуды бітіргеннен кейін жұмыс таба алмай, басқа мамандыққа ауысып жатады. Үкімет қазір техникалық, педагогтік, дәрігерлік мамандыққа баруға жағдай жасап жатыр. Бұл дұрыс шешім ғой деп ойлаймын.

Міне, әр заманның балаларының өсіп қалыптасуына орта, қоғам дамуы әсер етті. Жаңа Қазақстан болып дамыған кезде балалардың өсіп жетілуіне бұданда жақсы мүмкіндіктер болатынына көміл сенемін. Балаларға айтарым, Қазақстан, сенің Отаның, оны дамытып қорғау сенің парызың.

Еркін ДӘУЕШҰЛЫ, білім саласының ардагері

МЕКТЕПКЕ ЖЕТУ МҰҢ БОЛДЫ

Мен Нұр-Сұлтан қаласындағы Төле би көшесінің тұрғынымын, «Хан шатырдан» сонау Сауран көшесіне дейін қаншама құрылыс объектілері бар, қаншама бизнес ғимараттары, тұрғын үйлер бар, бірақ мектеп жоқ.

Балаларым екі автобуспен ауысып жүріп, мектебіне зорға жетеді, қайтарда қараңғы болғасын көшеге шығып алдынан күтіп аламын. Жұмысым бар, басымда ипотека несием бар, үй шаруасы бар, оған қоса балаларды мектепке тасу, я күтіп алу, қауіпсіздігіне алаңдау бар. Барлық мектеп пропискасыз қабылдамайды, тұрғылықты жері болмаса, маңайына да жуытпайды. Айта-айта жүйке жұқарды, бара-бара әкімдіктің табалдырығын да тоздырдық – бірақ, ешқандай нәтиже жоқ. «Баяғы жартас сол жартас» күйінде қалып отыр. Білесіз бе, қанша ата-ана бар, қаншама әйелдер

бар осы астанада күнін көру үшін жүрген?! Прописканың кесірінен баласын мектепке бере алмаса, жұмысқа тұра алмаса, дәрігерлік көмек ала алмаса, осы елдің азаматы ретінде мемлекеттен көмек алмайтын болса, заманауи иммунитетіміз қалай қалыптаспақ?!

Зәулім-зәулім ғимараттарды, көп қабатты тұрғын үйлерді бірінен соң бірін салып жатыр, бірақ мектеп, я балабақша жоқ қасында?

Әкім, министр, Президент қайда қарап отыр, құрылыс компанияларына жер үлестірілуде әлеуметтік нысандар неге қарастырылмаған?! Сонда көпбалалы

аналар, аз қамтылған отбасылар, жетім балалар қалай білім алады?! Онсыз да тіршіліктің тауқыметімен подвалдарда, тұрғын үй, саяжай жалдап жүргендердің арасында балалары мектепке бара алмай жүргендер баршылық, жоқ дей алмайсың.

Міне, біз басқа нәрсе талап етпейміз, Заң шеңберінде Конституциялық құқығымызды талап етеміз. Ата Заңда айтылғанындай, мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық, елдің ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмір құқықтары мен бостандықтары десек, біздің жанайқайымызға қашан білік тарапынан нақты жауап берілер екен? Күтеміз, әлі де үміттенеміз...

Алмагүл ҚУМАШОВА, көпбалалы ана, қала тұрғыны

«Астанаэнергосбыт» ЖШС қызметтік функцияларының бір бөлігін «Астана-АЭК» АҚ-на өткізді.

«АСТАНА-АЭК» ҚЫЗМЕТІН КЕҢЕЙТЕДІ

«Астана-АЭК» АҚ 1 шілдеден бастап көпөтерлі тұрғын үй қоры бойынша қосымша функцияларды орындауды бастады. Атап айтқанда, ұйым электр энергиясын есепке алу құрылғыларынан көрсеткіштерді алу, пломбалау, абоненттерді ажырату немесе желілерге қосу және т.б. қызметін кезең-кезеңімен өзіне алады, деп хабарлайды Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің ресми сайты.

«Астана-АЭК» АҚ 2022 жылдың бірінші шілдесінен бастап көпөтерлі тұрғын үй қоры (КТҚ) бойынша қосымша функцияларды орындауды бастады:

– КТҚ электр энергиясын есепке алу құралдарының көрсеткіштерін ай сайын алу (есепке алу құралы пәтерде орнатылған жағдайда, техникалық жай-күйін тексеру үшін бақылаушыны кіргізу қажет). Айдың 10-күнінен бастап соңына дейін есепке алу құралдарының көрсеткіштерін беру арқылы тұтынушының өзіне-өзі қызмет көрсетуіне жол беріледі;

– Есептік айдағы электр энергиясының көлемімен тізілімді қалыптастыру және көрсетілген қызметтерді КТҚ есептеу үшін энергиямен жабдықтаушы ұйымға мәліметтерді беру;

– КТҚ және кондоминиум объектілерінде электр энергиясын коммерциялық есепке алу жүйесін пломбалау;

– КТҚ-да электр энергиясын есепке алудың дұрыстығын тексеру, ұрлауды және шартсыз пайдалануды анықтау;

– КТҚ тұтынушыларымен, жеке сектормен және заңды тұлғалармен энергиямен жабдықтау шартын жасасу үшін құжаттарды жинау және оларды энергиямен жабдықтаушы ұйымға беру;

– КТҚ тұтынушыларын дебиторлық берешек үшін желілерден ажырату/қосу. Тұтынушы тұтынылған электр энергиясы үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сараланған есепке алу жүйелері бойынша төлемді уақытылы жүргізуі қажет.

Жоғарыда аталған функцияларды бұрын энергиямен жабдықтаушы ұйым «Астанаэнергосбыт» ЖШС жүзеге асырғанын атап өткен жөн. «Астана-АЭК» АҚ жоғарыда айтылған функциялардың кезең-кезеңімен ауысуы кезінде «Астанаэнергосбыт» ЖШС-пен өзара іс-қимылды жалғастырады: 1 шілдеден бастап Есіл ауданы, 1 тамыздан Сарыарқа ауданы, 1 қыркүйектен бастап Алматы ауданы, 1 қазаннан Байқоңыр ауданы.

Компания әрдайым есепке алу құралдарының көрсеткіштерін берудің түрлі жолдарын ұйымдастырады және қолданысқа енгізеді. Электр энергиясын есепке алу құралдарының көрсеткіштерін:

Call-орталық: 643-407, 643-408.

Сайт: skpe.astec.kz (көрсеткіштерді беру үшін тұтынушы біздің мамандарға хабарласып, тіркеу жүргізуі қажет)

WhatsApp-бот: 8 771 083 77 94;

Telegram-бот: AstanaREC_bot арқылы беруге болады.



БАЗАРДАҒЫ БАҒА ҚАНДАЙ?

25.07.2022	ELORDA.INFO			
	Астаналық базар	«Әлеум» базары	«Шаншар» базары	«Шарын» базары
Бірінші сортты бидай ұны	400	510	410	200
Бірінші сортты ұннан пісірілген нан	130	90	100	120
Макарон өнімдері	300	227	227	350
Қарақұмық жармасы	650	520	520	600
Тазартылған күріш	480	275	275	420
Картоп	165	185	260	260
Сәбіз	115	222	205	220
Пияз	165	314	350	330
Қырыққабат	80	91	91	110
Қант	320	470	320	720
Құнбағыс майы	900	780	850	750
Сияр еті	2750	2350	2350	2300
Тауық еті	1705	1350	1100	1300
Пастерленген сүт	300	285	275	350
Айран	340	307	375	310
Сары май	2500	604	2700	850
Тауық жұмыртқасы	45	46	36	120
Ас тұзы	90	52	70	60
Сүзбе	800	280	1000	900

Құрметті қала тұрғындары мен қоңақтары! «Столичная дезинфекция» ЖШС 25.07.2022 жылдан бастап Нұр-Сұлтан қ. таяз су айдындарында және ашық стацияларда 4-турдың маса-шіркейлерді жою жұмыстары басталатынын хабарлайды. Тел.: 38-20-08, 8-747-329-40-18.



«АТАМЕКЕНГЕ» АТ БАСЫН БҰР!

Еліміздің ең ғажайып көрнекі орындары мен ескерткіштерін 1,7 гектар жерге сыйғызған «Атамекен» Қазақстан картасы» этно-мемориалды кешенінің жұмысы пандемиядан кейін қайта жанданды. Қазақстанның пішінді картасы, ашық аспан астындағы бірегей мұражайға келушілер Алатау-Арқа, Атырау-Алтай арасындағы байтақ даламыздың бай мәдениеті мен сәулетті-ландшафті тарихы, құнды ескерткіштері және әсем табиғатымен 500-ге жуық макеттер арқылы таныса алады.

Райхан
РАХМЕТОВА

21 жылдық тарихы бар миниатюра паркі елорданың сол жағалауында Қорғалжын тас жолы көшесінде, «Думан» ойын-сауық кешенінің жанында орналасқан. Кешеннің жұмысы ауа-райына тәуелді. Сондықтан мұражай қызметкерлері ауа температурасын үнемі бақылап отырады. Әдетте ауа температурасы 0 С-тан жоғары болса, яғни мамыр мен қазан айлары аралығында демалысыз, таңертеңгі сағат 10.00-ден кешкі 19.00-ге қызмет көрсетеді. Осындай сәттерде мұражайды күніне 200-500, бір маусымда 36-40 мыңға жуық адам келіп аралайды.

Төрт-бес жастағы кішкентай саяхатшылардан бастап барлық қала халқы мен қонақтары және Ресей, Франция, Англия, АҚШ, Үндістан, Біріккен Араб Әмірліктері, т.б. мемлекеттерден келетін шетелдіктердің арқасында бұл кешенге бас сұғатындар қарасы үзілмейді. Себебі еліміздегі көрнекті ғимараттар мен тарихи ескерткіштердің кішірейтілген макеттері орналастырылған ашық аспан астындағы мұражай кім-кімді де бей-жай қалдырмасы сөзсіз. Әрі мұнда келген әрбір жанның ұшы-қиыры жоқ ұлан-ғайыр даламызды бірер сағаттың ішінде «аралап шығуға» мүмкіндігі бар. Кешен саябақ концепциясымен жасалған. Сондықтан ауа-райы қолайлы демалыс күндері келушілер саны артады. Мұражайға кіру билетінің құны – 400 теңге. Соғыс ардагерлері, мүгедектер, жетім балалар және 5 жасқа дейінгі балаларға тегін.

Кешен қызметкерлері тек ауа-райын ғана емес, сонымен қатар ел өңірлеріндегі қандай да бір өзгерістерді, яғни жаңадан ашылған маңызды ескерткіштер

мен алып стратегиялық нысандарды қадағалап отырады. Соған сай мұражай үнемі жаңа макеттермен толықтырылады. Мәселен, 2017 жылы мұнда 400 макет болса содан бері бес жыл ішінде мұражай макеттері тағы 100-ге көбейген.

– Биыл мұражайды келіп көрушілер саны тым артты, әсіресе шетелдіктер көп. Бізге туристер, балабақша балалары, мектеп оқушылары, жазғы лагерьде демалушылар, қосымша білім беру орталықтарының шәкірттері де топ болып келеді. Келушілер саны маусым, шілде, тамыз айларында өте көп болады, - дейді кешеннің ұйымдастыру бөлімінің басшысы Дарина Саду.

Мұражайға кірген бетте алдыңыздан Каспий теңізі мен Маңғыстау өңірінің жер асты мешіттері және түбектің ең басты тарихи ескерткіштері шығады. Экскурсия жетекшісі Мадина Бекбаеваның айтуынша, келушілер көбіне осы өңірдегі Шақпақ ата жер асты мешітіне қызығушылық танытады, себебі мешіттің шағын макет үлгісі тура түпнұсқасына ұқсатылып, нанымды жасалған және оның ішіне бас сұғып, кіріп аралап шығуға болады. Сонымен қатар Ақтау теңіз порты, «Қараманды», «Қаражамбас» мұнай кен орындары, Отпан тау, Шопан ата кесенесі, Құрманғазы, Дәулеткерей сынды дәулеткер күйші-композитор-



лардың құрметіне орнатқан ескерткіштерді көресіз.

Мұражайдағы ең көп аумақты алатын және көзге көркемдігімен, әсем Алатауымен бірден түсетіні – Алматы қаласының макеті. Ал бас қаланың макеті төбесі жабық бөлек ғимаратта орналастырылған. Елорданың зәулім ғимараттары мен заманауи архитектурасына соңғы жылдары ЭКСПО-2017 көрмесінің макеті қосылып, бәрі бірдей алыстан көздің жауын алады. Бұлардан бөлек көненің көзіндей, шежіре болып шертілетін аңыздарға толы Ақыртас қалашығы, Райымбек, Бәйдібек, Сыпатай батыр ескерткіштері, Қожа Ахмет Яссауи, Арыстан баб, Қарашаш ана, Бабаджа қатын кесенелері, Ягикент (Жаңа кент) қалашығы, Қорқыт ата, Жанқожа батыр кесенелерінің макеттері Түркістан, Қызылорда, Жамбыл және тағы басқа облыстардың аумағында орын



тепкен. Шығыс өңірі алдымен Абай мен Шәкәрімге арналған мемориалдық кешеннен басталып, ұлы ақынды оқытқан Ахмет Риза медресесінің макеті, аңызға айналған Еңлік-Кебек, Қозы Көрпеш-Баян сұлуға арналған ескерткіш-күмбездермен жалғасады.

